

AINA

ЖАҒДАЙ – БАҚЫЛАУДА

2-бет

KUN TARTIBI

АБАТТАНДЫРУ ЖАЙЫ
ҚАРАЛДЫ

3-бет

QOĞAM

КӘСІПКЕРЛЕР
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ
ҚАТЕ ЖАЗАДЫ

4-бет

RÝHANIAT

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНАН
СЫР ШЕРТКЕН

6-бет

«ӘКІМ САҒАТЫ» – ЖАҢА ФОРМАТТА

Сәрсенбінің сәтінде тікелей эфирде өтетін әкім сағатының бұл жолғы форматы өзгерді. Қала басшысы Қайрат Әбсаттаров қала тұрғындарынан түскен шағымдар бойынша үш нысанға барды. Сол жерден тікелей эфир арқылы жұртшылықтың сұрақтарына жауап берді. Әкім атбасын бұрған алғашқы нысан – Пушкин көшесіндегі су құбырларын ауыстырып жатқан орын. Аталған көшеде «Өңірлерді дамыту» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2017 жылдан бері ауыстырылып жатқан қалыптық ауыз су құбыры тарту жұмыстары жүріп жатыр.



Жұмыстың барысы мен сапасын бақылауды мақсат тұтқан қала әкімі нысанға барысымен мердігер мен техникалық бақылаудың әкспертіне «құбыр салу жұмыстары белгіленген талаптарға сай ма?» деген сұрақ қойды.

– 3.4.85 құрылыс нормалары мен стандартының 61-тармағына сәйкес құбырды дәнекерлеуге рұқсат етілген ауа райы температурасы -10 градустан +40 градусқа дейін. Бүгін ауа райы – 19-20 градус суық. Тиісінше құбырларды дәнекерлеуге рұқсат жоқ. Бірақ, мердігер амалын тапты. Арнайы күрке орнатып, ондағы ауа температурасын жасанды

жолмен жоғарлатып, дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуде. Бұған дейін де мұндай тәжірибе қолданып келді. Ешқандай олқылықтар болмады, – деді техникалық бақылаудың әксперті Ербол Жамалбеков.

Күркенің ішіндегі температураны +38-ге жеткізген жұмыскерлер құбырларды бір-біріне жалғанған соң, 30 минут суытатынын жеткізді. Пушкин көшесіндегі 700 метр құбыр осы әдіспен тартылады.

Тікелей эфир барысында қаладағы ауыз су құбырларының 72 пайызы тозғанын алға тартқан Қайрат Бектайұлы 2020 жылдың желтоқсанынан бастап 5,6 шағын аудан мен

63-66 орам тұрғындары тартылып жатқан жаңа ауыз су құбырының игілігін көретінін жеткізді.

Әкім бастаған топ Расков көшесіндегі 6-үйді бетке алды. Бұл үйдің тұрғындары подьезде жарықтың жоқтығына шағымданған. «Казэнергоцентр» ЖШС үйлердің есептеуіш құрылғылары болмағандықтан жарық беруді тоқтатқан. Осы ретте, «Акнист» ПИК төрағасы екі аптаның мұғдарында тұрғындармен кездесіп, олардың келісімін алған соң подьезде жарық болады деп сендірді. Бұл оңайға соқпайтын сынайлы. Өйткені, тұрғындардың талабы – әр подьезге жеке есептеуіш құрылғысы.

Бүгінде қала бойынша 59 тұрғын үйдің кіреберісі – қараңғы. Бұл мәселені қала әкімі «Казэнергоцентр» ЖШС басшылығына айдың соңына дейін шешуді тапсырды.

Жөндеуі ұзаққа созылған №4 көпірдегі құрылыс жұмыстары да тікелей эфир қатысушыларына таныстырылды. Бүгінде жоспарланған жұмысының 85 пайызы орындалған көпірдің ені ұлғайтылған. Жұмыстардың сапасына көңілі толған Қайрат Бектайұлы қала тұрғындарының өтініштері ескеруіне қалмайтынын айтты.

Өз тілішіміз



ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІНЕ ИЕ БОЛУ

30
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

Жалты, құқық қорғау органдарының қоғам мен адам өмірінде, Тәуелсіздігіміздің тарихында алатын орны ерекше. Ол – мемлекет пен қоғамның негізгі институттарының бірі, ұлттық құқық жүзесінің бөлігі.

Тәуелсіздік жылдары конституциялық заңдылық пен ішкі тұрақтылықты нығайтуға, елімізде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге құқық қорғау органдарымен ерекше назар аударылды. Соның арқасында елімізде қоғамдық-саяси тұрақтылық пен қауіпсіздіктің жоғары деңгейі сақталуда.

Өздерің білесіздер, 90 жылдары экономикамыз құлдырап, жұмыс та, айлық та, зейнетақы да болмай, жұрт қатты қиналды. Қылмыстылық та күрт өсіп кетті. Мұндай қиыншылықтарға тек Қазақстан емес, ТМД елдерінің барлығы тап болды. Сонда Елбасы құқық қорғау қызметін өз қолына алды. Бістер міндет қриминалды тоқтату, жас мемлекетті сақтап қалу болды. Сол кезден жағдай жақсара бастады. Соңғы 20 жылда мемлекетіміздің жағдайы қалыпқа келді. Ішкі де, сыртқы да саясатымыз дұрыс жолға қойылды. Соның ішінде құқық қорғау саласы да түбегейлі өзгерістерден шет қалмады.

Қысқа уақытта гасыр жүгін арқаалаған тарихи жолды өткен елімізде қазақстандықтардың өмірі қауіпсіздік жағынан жыл сайын жақсарып келеді.

90-шы жылдары айтағанда, КСРО-ның ең керемет деген 80-ші жылдарымен салыстырсақ қылмыс деңгейі төмен. Кісі өлтіру 2 есе, тұрмедегілер 3 есе кеміді. Әлемдік рейтингте 3-ші орыннан 82-ші позицияға көтерілдік. 8 колония

жабылды. Дей тұрғанмен, құқық қорғау саласында шешімін табуы қажет ететін мәселелер әлі де баршылық. Сол себептен, 2010 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында құқық қорғау саласын кешенді реформалауды тапсырды. Реформалар шеңберінде дамыған елдердің озық тәжірибесін алып, оны жан-жақты зерделеіп, өзімізге бейімдеп, енгізуді талап еткен.

Мақсат – елдегі құқықтық тәртіпті нығайту, азаматтарымыздың қауіпсіздігін одан сайын жақсарту. Сөйтіп, әділетті, мықты, ашық, адам құқығына ерекше мән беретін демократиялық мемлекет құру. Сол 2010 жылдан бері Жоғарғы сот, Бас прокуратура, Ішкі істер және әділет министрліктерімен бірқатар жобалар іске асырылды. Төрт жаңа кодекстер және «Құқық қорғау қызметі туралы» мен «Прокуратура туралы» заңдар қабылданды. 5-институционалды реформа басталды.

«100 нақты қадамдағы» екінші реформа – әділ сот төрелігі және құқық қорғау жүйесі адамдардың құқығы мен бостандығын қорғауды, құқықтық тәртіпті нығайтып, заңдардың мүлтіксіз орындалуын көздейді деп Елбасы шегелеп айтты.

Бірақ, осы оң өзгерістерге сенбейтіндер де жоқ емес. Қоғам болған соң пікір де көп. «Амнистия жігі болып кеткен жоқ па?», «Содан қылмыс



азайды ма?», «Түрмедегілерді жаппай ерте босатсақ ерте өзмізге қауіп болмай ма?» деушілер аз емес. Оларға бұрын тыныш заман болған сияқты. Өйткені, ол кезде ақпарат жабық еді. Халық көп нәрсені біле бермейтін. Қазір бәрі ашық. Ақпарат құралын ашып қалсаң – тек криминал. Біреуді өлтіріпті, зорлапты, парамен ұстапты. Бұндай мазмұндағы ақпараттар ғаламтор желісінде тез тарап, бүкіл елдің талқылауына түседі. Содан соң жұрт жағдай жылдан-жылға нашарлап бара жатыр екен деп ойлайды. Шын мәнінде, адамға қарсы ауыр қылмыстар азайып, қауіпсіздігіміз жылдан-жылға жақсаруда.

►► 5-бетте

SARYARQA
«SARYARQA» аймақтық газетіне 2021 жылға жазылу басталды

Газетке бір жылға жазылу бағасы

Жеке тұлғалар үшін	Мекен жайға жеткізіп беру – 4 200 теңге;
Редакциядан келіп алу – 3 200 теңге;	Заңды тұлғалар үшін
Мекен жайға жеткізіп беру – 7 500 теңге;	Редакциядан келіп алу – 6 500 теңге.

«Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС
ТОО «Редакция газеті Сарыарқа»
БСН/БИН 050340007333
ЖС/ЛИК K209856000005225027
АО «Банк ЦентрКредит»

+7 (7102) 71 00 55, +7 (7102) 77 50 25

ҚР ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ және МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАУЫНА ҚАТЫСАТЫН САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес, «Saryarqa» газетінің редакциясы ҚР Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының сайлауына қатысатын партиялардың (бұдан әрі – Партиялар) сайлауалды үгіт материалдарына ақилы негізде орын беретінін хабарлайды және сайлауалды үгіт материалдарының төмендегідей бағасы мен оларды газетке орналастыру шарттарын, орын беру тәртібін жариялайды:

- ақилы материалдың көлемі шаршы сантиметрмен есептеледі;
- газеттің бірінші бетіне орналастырылатын сайлауалды үгіт материалдың көлемі 400 шаршы сантиметрден аспауы тиіс;
- партиялардың сайлауалды үгіт материалдарына орын беру материалдардың редакцияға келіп түсу ретіне қарай түзілетін кезек арқылы жүзеге асады;
- Партиялардың сайлауалды үгіт материалдарын орналастырудың әр шаршы сантиметрі үшін алынатын төлем мөлшері: 1-бет үшін – 250 теңге; түрлі-түсті беттер үшін – 200 теңге; ақ-қара түсті беттер үшін – 100 теңге.

«САРЫАРҚА ГАЗЕТИ РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС



ЖЕЛТОҚСАНДА ГАЗ ЖАҒАМЫЗ

Елбасының бес әлеуметтік бастамасы аясында Қызылордадан ел астанасына тартылған «Сарыарқа» магистральді газ құбырының құрылысы аяқталып, аталған магистральдің ізгілігін Жезқазған халқы да көретінін бұған дейін бірнеше мәрте жазған болатымыз. Талап ауылы мен Пристационарий елді-мекенінде әр үйге газ құбыры тартылып та қойды.

Жақында Қарағанды облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ұлантай Үсенов «Ortalyq Qazaqstan» газетіне желтоқсан айында Теміртау мен Жезқазғанға газ берілетінін хабарлады.

Алаңдауға негіз жоқ, газ беру кесте бойынша жүзеге асуда, тек қана Қарағанды қаласында іркілі бар. Теміртау мен Жезқазған қаласына табиғи газ желтоқсан айында беріледі. Теміртау тұрғын үйлерін газдандыру 8 тарту кешенін салумен жүзеге асады. Жобаның жалпы құны – 10,7 млрд. теңге. Металлургия қаласына 4 498 үйге газ тарту жоспарланса, Жезқазғанды газдандыруға 14,3 млрд. теңге қарастырылды, 5 тарту кешені салынып, 4562 үйге газ жететін болады, – дейді басқарма басшысы.

Бұған дейін облыс әкімі Жеңіс Қасымбек те ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Жезқазғанға газ беру мәселесіне тоқталған болатын.

– 2021 жылы Қарағанды, Теміртау және Жезқазғанда екінші тарту кешендерінің құрылысы басталады. Көгілдір отын 3 872 жеке тұрғын үйге қосылады. Сонымен қатар, қаржылық қолдаудың көмегімен



Жаңаарқа, Осакаров аудандарында, Саран және Шахтинск қалаларында газбен жабдықтау желілерін салу басталады, – деген еді облыс әкімі.

Тағы бір айта кетерлігі, газдандыру аймақ экологиясын жақсартуға да септігін тигізеді. Өйткені, «АрселорМиттал Теміртау» және «Қазакмысты» кейбір кәсіпорындарын газға көшіру де жоспарлануда.

– Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму біздің өмір үшін, әсіресе Теміртау, Балқаш және Жезқазғанда өткір тақырып болып табылады. Елбасының тапсырмасы бойынша экология министрлігімен бірлесіп, өңірдегі экологиялық жағдайды жақсарту бойынша кешенді жоспар әзірленді. Жоспарға сәйкес, алдағы үш жылда атмосфераға тарайтын зиянды қалдықтар 50%-ға азайтылуы тиіс, – деді облыс әкімі аталған брифингте.

«Saryarqa-ақпарат»

МАСКА ШЕШПЕҢІЗ!

Егер сізде коронавирус анықталып, соған қарамастан маска тақпай жүрсеңіз – басқа адамға вирус жұқтыру қаупі 70%-ды құрайды.

Егер сырқаттанған адам масканы жүрсе, айналасындағыларға жұғу қаупі 5%-дан аспайды.

Егер инфекция тасымалдаушы мен сау адам масканы жүрсе, жұғу қаупі 15%-ға дейін төмендейді.

ИНФЕКЦИЯ ҚАЛАЙ ЖҰҒУЫ МҮМКІН:

Үйде, жанармай құю бекетінде, сыртта серуендегенде немесе теннис ойнағанда, сондай-ақ үйге доғын жеткізу қызметіне тарамақ тапсырыс бергенде коронавирус жұқтыру қаупі төмен.

Дүкен мен қоғамдық тамақтану орындарына барып, қаланың адам көп жүретін жерінде серуендесеңіз, сырқаттың қалу қаупі жоғарылайды.

Егер сіз қонаққа барсаңыз немесе достарыңызды үйге, сауда орталықтарына және басқа да қоғамдық орындарға шақырсаңыз, сондай-ақ кенесінде жұмыс ітесеңіз – қауіп табында болмаңыз.

Сұйық салонына, бітім беру мекемелеріне, салтанатты шараларға, еске алу жиындарына барсаңыз да коронавирус жұқтыртып алу қаупі жоғарылайды.

COVID-19-ды жұқтыру қаупі ең жоғары жерлерге ойын-сауық саябақтары, кинотеатрлар, спортзал мен концерттер, ағи орындар жатады.

Егер сіз базарға, вокзалға немесе әуежайға, қоғамдық моншаға барсаңыз, өте сақ болмаңыз өзбала.

© «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі, 2020 жыл info@kz

SARYARQA-АҚПАРАТ

«АУЫЛ» ПАРТИЯСЫ МӘЖІЛІС МАНДАТЫНАН ҮМІТКЕРЛЕР ТІЗІМІН БЕКІТТІ

Сәрсенбі күні «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының кезектен тыс XVIII съезінде Мәжіліс депутаттығына кандидаттар тізімі бекітілді.

Биылғы сайлаудың ерекшелігі үміткерлердің үштен бірі жастар мен әйелдер болуы шарт. Бұл критерийлермен өз басым толық қосыламын. Жастарды да, қыз-келіншектерді де түрлі билік саласына араластыруды көбейту мақсатында жасалып отыр. Өздеріңіз білесіздер, бізде барлық өңірде конференциялар өтті. Солардың барлығында да тиісті деңгейдегі мәслихатқа кандидаттар ұсынылды. Партиялық тізімдер тіркелді, – деді съезд барысында партия төрағасы Әли Бектаев.

Оның айтуынша, «Ауыл» партиясынан мәслихаттардың депутаттығына 654 кандидат тіркелген.

Бүгін Мәжіліске ұсынылатын кандидаттардың барлығы сарапшылармен, оңір өкілдерімен, саяси кеңес, төралқа мүшелерімен талқыланып, қолдау тапты. Енді съезд қарауына ұсынылып отыр, – деді Әли Бектаев.

Тізімге 19 адам кіріп отыр.

АУЫЗСУМЕН ҚАМТУДЫ СУБСИДИЯЛАУ ӨКІЛЕТТІГІ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРҒА БЕРІЛМЕК

Парламент Мәжілісінде ауызсумен жабдықтауды субсидиялауда өкілеттілерді ажырату мәселесі бойынша заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.



Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі, депутат Уәлихан Қайназаровтың айтуынша, заң жобасы халықты ауызсумен қамтамасыз ету үшін субсидияны уақтылы бөлу мақсатында әзірленген.

Заң жобасында баламасыз сумен жабдықтау көздері саналатын аса маңызды жергілікті сумен жабдықтау жүйесінің тізбесін әзірлеу және бекіту жөніндегі функцияларды уәкілетті органдарға берілетіні айтылды.

Бұл ретте жаңадан салынған жергілікті сумен жабдықтау жүйесінің тізбесіне енгізу рәсімі жергілікті деңгейде жүргізіледі, бұл өңірлердің ауызсумен жабдықтауға субсидия алуын жылдамдатады.

Заң жобасында, сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдардың ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және жергілікті сумен жабдықтау жүйесінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метріне төлемсіз мөлшерін әзірлеу жөніндегі құзыреті ұсынылады.

Ал жергілікті өкілді органдарға оны бекіту жөнінде өкілеттік беру ұсынылады.

Жұмыс тобына 17 ұсыныс келіп түсті, олар жұмыс тобының бес отырысында, мүдделі министрліктер, жергілікті өкілді және атқарушы орган өкілдерінің, сондай-ақ, қоғамдық және сараптамалық ұйым өкілдерінің қатысуымен комитеттің кеңейтілген отырысында талқыланды.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеті осы заң жобасы бойынша оң қорытынды берген.

ҚОС АЗАМАТТЫҒЫ БАР МЕМҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ЖҰМЫСТАН БОСАТУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ



Мәжілісте қос азаматтығы бар мемлекеттік қызметшілер мен квазимемлекеттік басшылардың жұмыстан шығару туралы заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.

Айта кетсек, Мемлекет басшысы 2020 жылдың 1 қыркүйегінде «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауын жариялаған болатын.

Осы Жолдаудағы міндеттерді орындау мақсатында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне жекелеген ережелерін іске асыру мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы әзірленген.

Құжатты Мәжілісте бірінші оқылымда ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрайымы Анар Жайылғанова оқыды.

Жалпыұлттық жоспардың 122-ші тармағы бойынша сыбайлас жемқорлық қылмысына жол берген адамдарға қатысты квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуіне өмір бойы тыйым салуды енгізу және қос азаматтығы бар мемлекеттік қызметшілерді немесе квазимемлекеттік ұйымдардың басшыларын жұмыстан шығару қарастырылған. Мемлекет басшысы өз Жолдауында квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қатаң шараларды қабылдау қажеттігін айтты. Осыған байланысты Еңбек кодексіне және Мемлекеттік қызмет туралы келесі түзетулерді енгізу ұсынылады: біріншіден, квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлық үшін сотталған адамдардың жұмыс істеуіне өмір бойына тыйым салуды бекіту керек. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің және квазимемлекеттік мекемелерінде қос азаматтық анықталған жағдайда оларды жұмыстан босату керек, – деді ол.

АЛДАҒЫ ҮШ ЖЫЛДА БІЛІМ мен ҒЫЛЫМҒА 5,1 ТРЛН ТЕҢГЕ БАҒЫТТАЛАДЫ

Сенатта қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысы өтті, онда «ҚР Ұлттық қорынан 2021 – 2023 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» және «2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» екі заң жобасы талқыланды.

Сенаторлардың айтуынша, еліміздің алдағы 3 жылға арналған бюджеті мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелері ескеріліп жасалған. Экономикадағы күрделі кезеңге қарамастан, елімізде қолжетімді тұрғын үй, жол құрылысы, өңірлерді дамыту жөніндегі бағдарламаларды іске асыру жалғаса береді. Жәрдемақылар мен зейнетақы төленеді, кәсіпкерлікті қолдауға да қаржы салынған. Пандемиямен күресу және басқа да ауруларды емдеу үшін дәрігерлік мекемелерді дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету басым бағыт болып қала береді.

Үш жылдық кезеңде бюджеттің негізгі шығыстары әлеуметтік салаға бөлінетін болады. Ақша әлеуметтік төлемдерді – зейнетақы мен жәрдемақыны индекстеуге, педагогтар мен дәрігерлердің жалақысын арттыруға, сондай-ақ, мемлекеттік жарналар әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жіберілетін болады, – деді Сенат депутаты Нұрлан Қылышбаев.

Сонымен қатар, бюджет жобасында білім және ғылым жүйесін дамытуға 5,1 трлн теңге қарастырылған. Негізгі қаржы қосымша төлемдермен бірге мұғалімдердің жалақысын көтеруге жұмсалды. Сондай-ақ, стипендияларды, білім беру гранттарын да ұлғайту жоспарланып отыр. Республикалық бюджетке сумен жабдықтау жүйелерін салу мен жаңғырту, өңірлерге газ жеткізу, аз қамтылған және кө балалы отбасылар мен жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі жобалар да енгізілді.

Сондай-ақ, Ұлттық қордан республикалық бюджетке бөлінетін кепілдендірілген трансферт мөлшері белгіленді. Бұл ақшаны ынтымақты зейнетақыны төлеуге, республикалық бюджеттен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдеріне жіберу ұсынылатын болады.

КОРОНАВИРУС: САЙЛАУ НАУҚАНЫНДА ҚАНДАЙ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ ҚАБЫЛДАНАДЫ



Еліміздің жоғары заң шығарушы органының төменгі палатасы – Мәжіліс пен жергілікті мәслихат депутаттарын сайлау жақындай түсуде. Осыған орай жұртшылықты саяси науқан кезеңінде әлемді әбгерге салып отырған коронавирустан сақтану шаралары алаңдатып отырғаны белгілі.

Иә, індеттің беті қайтар емес. Алыс-берісіміз асақын көрші Ресейдің өзінде бір күнде 20 мыңнан астам адамнан вирус анықталып отыр.

Елімізде де тәулік ішінде 588 адамның коронавирусқа шалдыққаны белгілі. Міне, осындай жағдайда қалған кандидатына дауыс беруге ниетті сайлаушының көңілінде күдік ұялайтындығы анық.

құралдарымен үнемі тазартылып отыруы тиіс.

Сондай-ақ орын-жайға кіре берісте коронавирус инфекциясының алдын алу шаралары туралы ақпараттық материалдар орналастырылып, залға кіре беріс холда қолды тазартуға арналған антисептик бар санитаризерлер орнатылуы қажет.

Қатысушылардың әлеуметтік ара қашықтық сақтауын бақылап жүретін жауапты адамды белгілеу де артық етпейді. Шараның барлық қатысушыларына ПТР тестілеу әдісімен коронавирус инфекциясына арналған зертханалық тексеруден алдын ала өтуге кеңес беріледі.

Бұл ретте тест шараның басталуына 72 сағат уақыт қалғаннан кейін ғана тапсырылғаны дұрыс. Ал зертханалық тексерудің оң нәтижесі бар азаматтарды ғимаратқа кіргізбеген жөн.

Депутаттыққа кандидаттарды ұсыну шараларын ұйымдастыру және өткізу кезеңінде азаматтардың денсаулығын қорғау мен олардың санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жауапкершілігі жиынды өткізушілерге жүктеледі.

«Сайлау комиссияларына жұмыстарын ұйымдастыру барысында мынадай санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтау ұсынылады. Ең алдымен сайлау комиссиялары жұмысының бүкіл кезеңінде қалыңдығы барлық мүшелерін қолды антисептикалық құралдармен залалсыздандыруды қамтамасыз етуі тиіс. Сайлау комиссиялары ғимараттарына кіреберісте санитаризерлер болуы және тұрақты түрде тазалау жұмыстары жүргізілуі керек. Жиналғандар мен техникалық құрал-жабдықтар бір-бірінен кемінде 1,5-2 метр ара қашықтықта орналастыруы тиіс. Сайлау құжаттарымен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік шаралары сақталуы қажет. Сайлау құжаттары толтыру және оларға қол қою барысында жеке қаламсап пайдалану ұсынылады», – деді ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі.

Жалпы, Қазақстанның Орталық сайлау комиссиясы ұсынған деректерге сәйкес, Мәжіліс сайлауында сайлаушылар тізіміне кір-

ғізілген азаматтардың саны 11 820 318 адамды құрайды.

18 жасқа толған, әрекетке қабілетті, бас бостандығынан айыру орындарында отырмайтын республиканың белсенді сайлау құқығы бар сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша тізімін тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлауға орай еліміздің 14 облысында және республикалық маңызы бар Алматы, Шымкент, Нұр-Сұлтан қалаларында 10 мыңнан астам, сонымен қатар әлемнің 51 мемлекетінде 66 сайлау учаскесі ашылады.

Аталған 10 мыңнан астам учаскенің ішінде демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасуы қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын жерлерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, Қазақстан Республикасына тиесілі және сайлау күні жүзде жүрген кемелерде, әскери бөлімдерде құрылған 558 учаске де бар.

Ал шетелде ашылатын сайлау учаскесінде сол мемлекетте тұратын немесе ұзақмерзімді шетелдік іссапарда жүрген және республика азаматының жарамды паспорты бар барлық азаматтар дауыс бере алады.

Айта кетейік, ҚР Орталық сайлау комиссиясының кезекті сайлауды дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралар күнтізбелік жоспарларына сәйкес, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын ұсыну 2020 жылғы 10 қарашада басталып, 2020 жылғы 30 қарашада жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-де, мәслихат депутаттарын ұсыну 2020 жылғы 10 қарашада басталып, 2020 жылғы 4 желтоқсанда жергілікті уақытпен сағат 18:00-де аяқталады.

Партиялық тізімдерді тіркеу 2020 жылғы 10 қарашада басталып, 2020 жылғы 10 желтоқсанда жергілікті уақытпен сағат 18:00-де бітеді.

Қазақпарат

Бірақ, қауіп бар болса да, алаңдауға негіз жоқ. Өйткені, сайлаудың ұйымдастырылуына, өз деңгейінде өтуіне жауапты еліміздің Орталық сайлау комиссиясы Денсаулық сақтау вице-министрімен бірлесіп отырып, «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарды ұсыну және тіркеу кезеңінде COVID-19 коронавирусы инфекциясының таралуының алдын алу жөніндегі ұсынымдар» әзірлеп отыр.

«Сайлау процесіне қатысушылардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – сайлау науқанының ең маңызды аспектілерінің бірі», – деген еді ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Иманшев.

Айта кетерлігі, еліміздің басты саяси науқанына «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Бірлік» («Адал») саяси партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы, Қазақстанның Коммунистік халық партиясы (Қазақстанның халық партиясы) және «Нұр Отан» партиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихат депутаттарын сайлауға қатысатыны белгілі.

Дәл осы саяси ұйымдар өздері өткізетін түрлі шаралар кезінде коронавирустың таралуына жол бермеудің нақты әрекетін жасауға міндетті. Мұны ҚР ОСК төрағасы да айтты отыр.

«Осыған байланысты саяси партиялар өкілдерінің назар аударуын сұраймын. Депутаттыққа кандидаттар ұсыну жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу кезеңінде жауапкершілік шараларын ұйымдастырушыларға жүктеледі. Сондай-ақ, аумақтық сайлау комиссияларының партиялық тізімді тіркеуді жүргізу кезінде барлық қажетті денсаулық сақтау шараларының қамтамасыз етілуі қажет екендігіне назар аудартамын», – деді Берік Иманшев.

Оның атап өтуінше, жоғарыда аталған жиындар өтетін орын-жайда жасанды вентиляция жүйесі болмаған кезде бөлме ауасын тұрақты түрде желдетіп отыруға кеңес беріледі.

Сонымен қатар ғимаратқа кіреберісте және ішінде ара қашықтық белгілері орнатылып, бүкіл орын-жай залалсыздандыратын жуу

Жоғарыда ҚР ОСК мен Денсаулық сақтау вице-министрі – Бас мемлекеттік санитар дәрігер Ерлан Қиясовтың айтуынша, сайлау процесінің депутаттыққа кандидаттарды ұсыну және тіркеу кезеңінде маска режимін міндетті түрде сақтап, бір реттік қолғап киген жөн.

Сонымен қатар қолды залалсыздандыру мақсатында антисептика жні қолданып, адамдар арасында әлеуметтік арақашықтық сақтау да маңызды.

Мұнан бөлек, қол алысып амаңдасудан, тікелей қарым-қатынастың өзге де формаларынан мүмкіндігінше арыла тұрған дұрыс.

«ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды ұсыну кезеңінде съездер, конференциялар және отырыстар өткізу барысында байланыссыз термометр құралдарының көмегімен қатысушылардың дене қызуын өлшеу, съездер, конференциялар мен отырыстар өткізудің бүкіл кезеңі ішінде шараға қатысушылардың барлығының маска режимін сақтауы ұсынылады. Шараға қатысушыларды залға отырғызған кезде әлеуметтік ара қашықтық сақталуын қамтамасыз ету қажет. Тиісті құжаттарды толтыру және қол қою барысында жеке қаламсап пайдалану керек. Ғимараттың техникалық мүмкіндігі болған жағдайға орын-жайға кіру және шығу есіктері жеке-жеке болуы тиіс», – деді Бас мемлекеттік санитар дәрігер.

Оның атап өтуінше, жоғарыда аталған жиындар өтетін орын-жайда жасанды вентиляция жүйесі болмаған кезде бөлме ауасын тұрақты түрде желдетіп отыруға кеңес беріледі.

Сонымен қатар ғимаратқа кіреберісте және ішінде ара қашықтық белгілері орнатылып, бүкіл орын-жай залалсыздандыратын жуу

адамға шақталған ем көрсету орталығы желтоқсанда балқаштықтардың да игілігіне берілмек, – деген ол облыстағы дәрі-дәрмек қоры 3 айға жететінін мәлімдеді.

Облыс бойынша осы уақытқа дейін 10753 адам коронавируспен ауырса, оның 52,8 пайызы симптомды науқастар екенін бас санитарлық дәрігер де өз сөзінде тұрғындарға кісі қарасы қалың жерлерге, той-томалаққа баруды доғаруды сұрап, туған-туыста-

COVID-19

ЖАҒДАЙ – БАҚЫЛАУДА

«Saryarqa» телеарнасында Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Нұрлыбаев, облыстық бас мемлекеттік санитарлық дәрігер Юрий Залицын және облыстық білім бөлімінің басшысы Гүлсім Қожасметованың қатысуымен онлайн брифинг өтті.

Қазіргі таңда көпті алаңдатып отырған басты мәселе – коронавирусы індетінің екінші толқыны. Осы жағдай кезінде тарқатқан Ержан Нұрлыбаев эпидемиологиялық ахуал қатаң бақылауда екенін жеткізді.

– Көктем мен жаздағы тәжірибеге сүйеніп отырып, мобилді қызмет көрсету топтарының санын арттырдық. Бүгінде облыс бойынша 280 топ жедел қызмет көрсетеді. 122 жедел жәрдем көлігі жұмыс істеп тұр. Келесі жылға дейін

адамға шақталған ем көрсету орталығы желтоқсанда балқаштықтардың да игілігіне берілмек, – деген ол облыстағы дәрі-дәрмек қоры 3 айға жететінін мәлімдеді.

Облыс бойынша осы уақытқа дейін 10753 адам коронавируспен ауырса, оның 52,8 пайызы симптомды науқастар екенін бас санитарлық дәрігер де өз сөзінде тұрғындарға кісі қарасы қалың жерлерге, той-томалаққа баруды доғаруды сұрап, туған-туыста-

рыңыздың денсаулығына асқан жауапкершілікпен қарау керетін ескертті. Қарағанды облысы аумағына қазір 8 санитарлық бекет қойылған.

II тоқсаннан бастап мектептерде 5-сыныптар үшін де кезекшілік сыныптар ұйымдастырылатын болады. Әр кезекші сыныптағы оқушы саны 15 баладан аспауы қажет. Нәтижесінде 6155 кезекші сыныпта 77804 оқушы оқыса, оларға 2962 бастауыш пәні мұғалімі, 3945 пән мұғалімдері сабақ береді. Ал штаттық режимде оқитын 281 мектепте 28781 бала білім алмақ.

Ақсмет ТАҒЫБЕРГЕН

Құрметті сайлаушы!

2021 жылдың 10 қаңтарында Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарының кезекті сайлауы өтеді.

Егер сіз дауыс беру күні 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы атансаңыз және белсенді сайлау құқығына ие болсаңыз, онда Сіздің Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын сайлауға құқығыңыз бар.

Сіздің сайлаушылар тізімінде бар болуыңыз сайлауға қатысу конституциялық құқықты жүзеге асырудың кепілі болып табылады.

Сайлаушылардың тізімін жергілікті атқарушы органдар жасайды.

Сіздің нақты сайлау учаскесінің аумағындағы тұрғылықты жеріңіз бойынша тіркелуіңіз Сізді сайлаушылар тізіміне енгізу үшін негіз

болып табылады. Сайлау учаскелерінің шекаралары жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында 2020 жылғы 5 қарашадан кешіктірмей жарияланады.

Сайлау тағайындалған күннен бастап әрбір сайлаушы тиісті жергілікті атқарушы органдар сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы.

2020 жылғы 10 желтоқсанға дейін сайлау болатын күні тұрғылықты мекен-жайыңыз бойынша бекітілген орынға барып дауыс бере алмайтыныңыз белгілі болған жағдайда Сіз өзіңіз жүрген аймақтағы әкімдікке барып, сайлаушылардың тиісті тізіміне өзіңізді қосу туралы жазбаша түрде өтініш беруге құқылысыз.

Егер сіз тұрақты тіркелген жеріңізден тыс елді-мекенде болсаңыз және онда уақытша тіркеуіңіз бар болған жағдайда 2020 жылғы 10

желтоқсаннан кешіктірмей уақытша жүрген жердегі әкімдікке сайлау күні өзіңіз дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне Сізді енгізу туралы жазбаша өтінішпен жүгінуге құқылысыз.

Құрметті сайлаушы!

Құқықтық сауаттылық танытып, өзіңіздің сайлау құқығыңызды іске асырыңыз! Өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізу үшін заң жүзінде маңызды қадамды уақтылы қабылдау қажеттігін ескеріңіз.

2020 жылдың 26 желтоқсанынан бастап Сізге сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінен өзіңіз туралы мәліметтерді тексеру мүмкіндігі берілді.

ӨЗ ТАҢДАУЫНДЫ ЖАСА!

COVID-19

Ләззат РАНОВА:

«ЕКІНШІ ТОЛҚЫН ЖЕЛТОҚСАН-ҚАҢТАР АЙЛАРЫНА ТУРА КЕЛУІ МҮМКІН»



– Ләззат Нәбиқызы, сұхбатты бәрін алаңдатқан екінші толқының басталуы қай мезгілге болжанып отыр және біздің оған дайындығымыз қандай деген сұрақтан бастасақ.

– Денсаулық сақтау министрлігінің болжауынша, коронавирустық инфекцияның екінші толқыны желтоқсан мен қаңтар айына келуі мүмкін. Осы тұста көпшілікті «Олар қайдан біледі, көріпкел ме?» деген мәзмілдегі сұрақтар мазалауы мүмкін. Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы бар. Орталықтың ғалымдары мен мамандары әлемдегі, біздің елдегі ахуалды назарға алып, өз есеп-қисаптарын жүргізеді. Сондықтан, болжам көп жағдайда дәлме-дәл келеді. Қазір бүкіл әлемдегі жағдай күрделі. Еуропа мен Америкада коронавирустың екінші толқыны өтіп жатыр. Пандемияның бірінші толқыны қиынға соққанын жасармаймын. Қателіктер жіберілді, ағаттықтар кетті. Осы қателіктерді жұмыс барысында жөндеуге тура келді. Мен өзімді, басқа да әріптестерімді ақтап алудан аулақпын. Адамзат тарихындағы ең сұмдық пандемияның бірі болып қалатын COVID-19 инфекциясы жаңадан пайда болғандықтан онымен күресуді, дұрыс ем-дом жасауды алғашқыда ешкім білмеді. Индетпен бетпе-бет келгенде ғана қалай әрекет ету керектігін түсіндік. Сондықтан, әлі де болса бізге мәлім тұсынан беймәлім қырлар көп коронавирустың бірінші толқынындағы қиындықтарға тек билік орындарын, медицина қызметкерлерін кінәлі ету артық болар деп ойлаймын.

Шынын айту керек, маусым-шілде айында болған алғашқы толқынан сабақ алдық. Кез келген тәжірибенің, тіпті ауыр болса да, пайласы бар. Біз осы үш айдың ішінде қатемен жұмыс жасап үлгердік. Қарағанды облысы әкімінің қолдауымен небір екі айдың ішінде 200 науқасқа шақталған жаңа модульді инфекциялық орталық ашылды. Орталыққа облыс орталығынан білікті 23 маман тартылды. Сонымен бірге, медициналық қондырғылардың ташылысын жою жолында ауқымды жобалар жүзеге асырылды. Қазір Жезқазған қаласында 5 компьютерлік томограф, 5 цифрлы рентген аппараты, сондай-ақ, 38 жасанды өкпе желдеткіші мен 305 оттегі концентраторы, 247 пульсоксиметр бар. Осы аптада медициналық орталық базасында бір мезгілде 128 түсірілім жасауға мүмкіндік беретін соңғы үлгідегі КТ іске қосылды. Көпбейінді аурухана мен

Коронавирустық инфекцияның бірінші толқынында түрлі қателіктерге жол берілді, қиындықтар болғаны рас. Дегенмен, бұндай жағдай тек біздің аймақта ғана емес еліміздің түпкір-түпкірінде, керек десеңіз дамыған әлем елдерінде де орын алды. Өлім-жітімді көбейткен қауіпті дертке ешкім дайын болмады. Ендеше, бір мезет отандық медицинаны, ақ халаттыларды айыптауды шетке ысырып, үлкенді де, кішіні де аяусыз сұлтатып жатқан тәжтәжәлді қалай жеңеміз деген сұраққа жауап іздеп, екінші толқында жезқазғандық дәрігерлердің дайындығы қандай екеніне үзіліп көрсек. Бұл мәселенің анық-қанығын Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат РАНОВА айтып берді.

инфекциялық орталыққа барлығы оттегінің 343 нүктесі тартылды. Жедел жәрдем көлігінің қоры ұлғайтылды. Бүгін-ертең облыс орталығынан тағы Жезқазғанға 4, Сәтбаевқа 4 жаңа көлік келеді. Бүгінгі таңда Жезқазған-Сәтбаев қаласын қоса алғанда коронавирус жұқтырған науқастарға 1100 орын дайындалды. Оның 53-і жансақтау бөлімінен. Дәрі-дәрмек қоры да жасақталды. Көпбейінді ауруханаға 82 млн теңгенден астам қаржыға антибиотик, антикоагулянттық, антибактериялық препараттар мен ыстықты түсіретін, қабынуға қарсы, тыныс алу жолдарына арналған дәрі-дәрмектің бір айға жететін қоры сатып алынды. Одан бөлек облыстық дистрибьютор «Аманат», «МедСервис» ЖШС тағы 77 млн теңгеге дәрілік заттар жеткізіп берді. Қалық есманна мен көпбейінді аурухана жанындағы әлеуметтік дәріханаларда керектің бәрі қолжетімді бағада сатылып жатыр. «Қазакмыс» корпорациясы» ЖШС қолдауымен медициналық орталықта ашылған ПТР лабораторияда тәулігіне 540 сынама алу мүмкіндігі бар. Бүгінде оның қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында анализ құны 17 мыңнан 9 мыңға дейін төмендетілді. Аталған лабораторияда күні бүгінге дейін 18 мың анализ зерттелген.



ата-аналар барын қалайша жасырамыз. Адам аяғы үзілмейтін сауда орындарда өзі де, баласы да масканы иегіне түсіріп алған ересектерді көргенде, жүрегім қан жылайды. Олар біз бен сізді индеттің тырнағынан жауапкершілік қана құтқаратынын түсінбесе керек...

– Бала-шағамызды инфекциядан қалай қорғаймыз? – Бұл сұрақ Сізді ғана емес, барша ата-ананы алаңдатып жатыр. Жоғарыда айтып өткенімдей бірінші кезекте үлкендер бауыр еті баласы үшін жауапты екендерін

дәрігерлерге 20 пәтер арнап отыр. Қалаға әлі де қажет инфекционист, маммолог, педиатр мен ревматолог, пульмонолог дәрігерлерін тарту бойынша да жұмыстар жалғасын таппақ.

– Болашаққа мейлестіріп жоспарлаңызбыз бәлкі отырарсыз?

– 2021 жылға бағдарланған жоспарларымыз ауқымды. Бірінші кезекте перинаталды орталықты көпбейінді аурухана ғимаратына көшіру мәселесін түбегейлі шешпеңкіз. Бүгінде орталық аурухананың 1-3 қабаттарын перзентханаға лайықтау мақсатында қажетті жобалық-сметалық құжаттар дайындалып, мемлекеттік сараптама алынды. Келер жылдың мамырында күрделі жөндеу жұмыстары басталады. Перзентхананы қажетті жабдықтармен, медициналық аппараттармен қамтамасыз ету де қарастырылған. Сол жылдың желтоқсанында пайдалануға берілетін перинаталды орталықтың жеке қабылдау бөлімі жасақталады. Сонымен бірге, тозығы жеткен көпбейінді аурухана ғимаратына да баса көңіл аударыламыз. Төбесі жаңаланып, ғимараттың қасбеті жөнделеді. 1-2 қабаты металлосайдингпен қапталса, жоғары қабаттарына пластикалық бояу қолданылды. Аурухана аумағын абаттандыру, жансақтау мен операциялық блоқты жөндеу де 2021 жылдың енісінде.

Перинаталды орталықтың қазіргі ғимараты медициналық мақсатта пайдалану көзделіп отыр. Қазіргі таңда аталған жерден ардагерлер ауруханасын не болмаса оналту орталығын немесе медбиі күтімін ашу талқыланып жатыр. Облыс әкімі Жәніс Қасымбек Жезқазған қаласына келген іс-сапарында біздің аймақта онкологиялық аурухана ашу қажеттігін айтқан болатын. Қазіргі таңда бұл бағытта да нақты қадамдар жасалып жатыр

– Жоғары медициналық колледждегі директорылық мемлекеттік қызметке ауыстырғаныңызға өкінімсіз бе?

– Еш өкінген емеспін. Қиындықтар болды, әлі де бар. Өз мойныма жауапкершілік алған соң, білімім мен тәжірибемді осы салаға арнамақпын. Денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігін басқару ұсынысын ойлануға екі күн мерзім берілді. Бірі қолдау танытып жатса, енді бірі бұл лауазым абырой ежелмейтінін айтып жатты. «Мен колледж үшін қолымнан келгенін жасадым. Енді жастардың уақыты келді. Олар да өссін, жиған-терген білімдерін ел игілігі жолында жұмсасын» деген пікірді ұстанып, қиын да болса осы жолды таңдадым. Мемлекеттік қызметтің жауапкершілігімен қатар қауіптілігі де барын бүгін түсіндім. Бізді ертен осы немесе өшу күтіп тұрғанын білмейміз...

– Қазір сіздердің күнөріңіз бен түндеріңіз қарбаласқа толы екенін жақсы түсініміз. Соған қарамастан, алтына бергісіз уақытыңызды бөліп, сұхбат бергеніңізге рахмет!

Диана ОРАЗАЛИНА

АНЫҚТАМА ҮШІН
2020 жылдың 26 сәуірінен бүгінге дейін 1684 жезқазғандық COVID-19 инфекциясын жұқтырған. Олардың ішінде 1027-сі симптомды, 657-сі симптомсыз ауырған. Бүгінде науқастардың 1593-і дерттен толық айыққан.
Жезқазған қаласында биылғы жылдың қыркүйегінде индеттің – 8, қазанда – 12, қарашада – 3 жағдай тіркелген. Инфекциялық орталықта 46 науқас емделуде. Оның екеуіне КВИ диагнозы қойылса, қалғандарында – коронавирустық пневмония. Үй карантиніне алынғандардың саны – 20.

Әлі де болса біздің тарапымыздан дайындық пысықталып жатыр. Тұрғындардың денсаулығы мен амандығы үшін қолдан келгенін де, келмегін де жасаудамыз.

– Екінші толқында балалар ауырады деген болжамды естігенде, үрейлендік. Бұл қауіптілік пе?

– Өкінішке қарай, қай индет болсын жас талғамайды. Коронавируста дәл солай. Сондықтан, индет тарамас бұрын Президенттің тапсырмасымен елімізде төтенше жағдай жарияланып, карантин енгізілді. Балалардың амандығы үшін қашықтан оқыту ұсынылды. Мамандардың «екінші толқында балалар ауырады» деген болжамды жоққа шығара алмаймын. Қазірдің өзінде инфекциялық орталықта 14 бала аурумен күресіп жатыр. Мысалы, 16 қараша күні орталыққа жеткізілген 8 науқастың 3-уі – бала.

«Балалар сабаққа бармай үйде отырса, вирусты қайдан жұқтырды» деп сұрағыңыз келіп отыр-ау? Оқу онлайн форматқа көше-дағы біз оқшаулануға әлі де қырын қарайтындар бар. Қоғамдық орындарға, той-домаларға баласын ерте жүрген



МЕЦЕНАТ ПЕН КЕЗДЕСТІ

РУХАНИ ЖАНҒЫРУ

Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде «Музейлік кездесу: Алтын қор» жобасы аясында «Тұзғыр биік тұлға» атты кезекті кездесу ұйымдастырылды. Бұл жолы жиынның басты қонағы – Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, «Nur Otan» партиясы саяси кеңесінің мүшесі, меценат Бекзат Алтынбеков.

– Қазақстан Республикасы білім беру ісінің Құрметті қызметкері, Ұлттық «Алтын жүрек» сыйлығының лауреаты, «Қазақстан мәслихаттарының Құрметті депутаты» медалі мен Қазақстан Халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалінің иегері, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Жыл тұлғасы» аталымының лауреаты, одан бөлек қаншама облыстық, республикалық деңгейдегі марапаттарды қоржынына байлаған, ең бастысы халықтың алғысына бөленген азамат Бекзат Қомарұлы сынды азаматтың біздің музейімізге бас сұққаны – біз үшін де зор құрмет. Өз қызметін абыроймен атқарып, ел алдында еңбек етіп жүрген

жандардың қызметтен бөлек жаңа қырларын ашып, ісіңізді үлгі ете, жас ұрпаққа таныстыру мақсатында ұйымдастырылған бүгінгі кездесуімізге қош келдіңіз! – деген музей басшысы Раушан Қапарова жиын басында басты кейіпкер жөнінде әзірленген бейнематериалды ұсынды.

– Қолыңнан келсе жақсылық жасаудан қашпау керек. Мені ата-анам бала күнімен осылай тәрбиеледі. Қоғамдық саладағы бірнеше қызметтерді атқардым. Сол арқылы мол тәжірибе жинадым. Әлі де атқарар істерім алда деп білемін. Сол жолда ел мүддесін жеке бас мүддесінен жоғары қойып, елімізді көрініп, гүлденуіне, аймағымыздың

дамуына үлес қосудан танбаймын, – деген Бекзат Алтынбеков шараға ұйытқы болған музей ұжымына алғысын білдірді.

Одан әрі филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Жезқазған бизнес және көлік колледжінің басшысы Светлана Жумкина сөз алып, достыққа адал, ісіне мығым, отбасыға, туған-туысқа қамқор ел ағасы туралы пікірін, оған деген жүрекжарды лебізін ақтарды.

Шара соңында Раушан Оңкоңысқызы қонақтарға естелік сый-таралғыларын табыстап, жиналған қауыммен естелік суретке түсті.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ТҰМАУДАН АЖЫРАТА БІЛУ МАҢЫЗДЫ

2019 жылғы желтоқсанда пайда болып, бүгінде дүние жүзін дүрліктіріп тұрған коронавирустың ресми атауы – COVID-19. Оның ерекше асқынуды вирустық пневмония, жіті респираторлық дистресс-синдромға, дер кезінде емделмесе жасадайда өлімге де душар етуі мүмкін. Аурудың ең көп таралған белгілеріне дене қызуы, шаршаңқылық және құрғақ жөтел жатады.

Вирус құрамында вирусы бар тамшылар арқылы жөтелу немесе түшкіру кезінде, сондай-ақ көзге, мұрынға немесе ауызға түсуі арқылы таралады. Вирусты тамшылар бетке және заттарға түсіп, содан кейін көзге, мұрынға немесе ауызға түседі. Қарым-қатынас кезінде бір адамнан келесі адамға шапшаң қалыпта тасымалданады. Вирус заттардың бетіне түсіп, бірнеше сағат бойы өмір сүруге қабілетті. Болат беттерде және пластикте ол 2-3 күнге дейін сақталуы мүмкін. Зерттеудің бірінде отбасы ішіндегі ауру жағдайы туралы хабарланады, онда екі отбасы мүшелерінде ретпен суреттерінде қандай да бір симптомдар мен аномалиялар болмаған, бірақ жоғарғы тыныс алу жолдарының шырыш сынамасы вирустың бар екенін көрсетті. COVID-19-дың симптомсыз түрі де кездеседі.

Мамандардың зерттеу нәтижелері бойынша коронавирусқа шалдыққандардың 88,7 % -ында 37,5 градустан жоғары дене қызуы көтеріліп, 67,8 % -ында жөтел пайда болған. Сондай-ақ бас ауруы, шаршаңқылық пен тамақтың қызаруы, буын ауруы байқалған.

Аурудың алдын алу мақсатында төмендегі қағидаларды қатаң ұстаныңыз. Қолды сабынмен немесе құрамында спирт бар сұйықтықпен жуу, жөтел немесе түшкіргенде мұрын мен ауызды иілген шынтақпен немесе бір рет қолданылатын майлықпен жауып, кейіннен міндетті түрде қолды жуу керек. Жөтел немесе дене қызуы жоғары адамдардан алшақ жүріңіз. Мүмкіндігінше мұрын, ауыз және көзді қолмен ұстамаңыз. Өкпенің жіті респираторлық ауруының белгілері болған жағдайда үйде қалу маңызды. Безгек, жөтел және тыныс алу қиын болған жағдайда, медициналық мекеме көмегіне жүгініңіз. Тірі жануарлар, ет немесе құс сабатына азық-түлік базарларына барған кезде гигиена ережелерін сақтай отырып, шикі немесе нашар термиялық өңделген жануарлардан алынатын өнімдерді тұтырудан аулақ болыңыз.

Тұмауды коронавирустан ажырата білу маңызды. Тұмау жұқтырған адамның COVID-19 инфекциясын жұқтырған адамнан басты айырмашылығы – жөтелген кезде көп қақырық шығады әрі мұрын үнемі бітеліп, су ағып, түшкіреді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының хабарлауынша, тұмау жұқтырған адамда тыныс алу тарылып, демікпесі ұстамайды. Кеудесі жүк көтергендей ауырмайды. Сондай-ақ, температурасы кейде көтеріліп, кейде төмендейді. Ал коронавирус жұқтырған адамның қызуы өте жоғары болады әрі түспейді.

Өмірзақ УБАЕВ, «Әбділдинов» ОДА-ның жалпы тәжірибедегі дәрігері

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ АБАТТАНДЫРУ ЖАЙЫ ҚАРАЛДЫ


Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров «ZOOM» платформасында тұрғын үй аулақтарын абаттандыру жөніндегі штабтың алғашқы отырысын өткізді. Оған ПИК төрағалары қатысты.

Қатысушылардың назарына баяндамасын ұсынған қалалық тұрғын-үй инспекциясының басшысы Аліса Сағымбаева Жезқазғанда 558 көп қабатты тұрғын үйі пәтер иелері кооперативі қызмет көрсететінін айтып, ПИК жұмысындағы проблемаларға тоқталды. Бүгінде аула сыпырушы жетіспеушілігі барын айтқан баяндамашы аула-ларда тазалық мәселесі ақсап тұрғанына назар аударғты. Осы ретте, штаб мүшелері тұрмыстық қалдық толы дорбаларын қоқыс алаңына жеткізбейтіндей, үйдің бұрышына тастап кететін санасыз тұрғындармен күресу жолдарын қарастырды.

ПИК төрағалары алдына аулақтарды абаттандыру, оның ішінде тұрғындардың белсенді демалысына арналған алаңдар бойынша нақты жоспар ұсыну міндетін қойған қала басшысы ауыз су мен жылу желілерін ауыстыру ретін таныстырып өтті. Бұл абаттандыру жұмыстарын жоспарлаған ПИК-ке аса қажет ақпарат. Себебі, абаттандырылатын жерде құбыр ауыстыру жоспарланған болса, ПИК-тің атқарған жұмыстары далаға кетпек.

Әлі де болса тұрғын үй ауласындағы тазалық мәселесіне ден қою керектігін алға тартқан Қайрат Бектайұлы тұрғындармен үйдің ортақ қажеттіліктерін келесім-шартын жасау, поьездерді энергия тиімді жарықтандырумен қамтамасыз ету жұмыстарын ширатуды қалап тапсырды.

Бота ШАЛҚАР



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНИМГЕ – СЕРПІН!



МАҚСАТ – ҚЫЗМЕТ САПАСЫН ЖАҚСARTY

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасы республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсету, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы бойынша операцияларды есепке алуды қамтамасыз ету саласында және мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшаның тиісті бақылау шоттары мен шетел валюталар шоттары және квазимемлекеттік секторларының субъектілері шоттары бойынша операцияларды өткізу салаларындағы функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органы болып табылады.

Елбасының Жарлығымен Қаржы министрлігінің қазынашылығын құру туралы қаулы қабылданып, осы Жарлыққа сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 1998 жылдың 1 қантарынан бастап бюджеттік банк таратылып, оның атқарған қызметтік функциялары қазынашылық қызметіне берілді.

Міне, содан бері жер-жерлерде қазынашылық бөлімдері қаржы қорын толықтыру бағытында тұрақты жұмыс істеп келеді.

Қазынашылық жүйеге жүктелген ең басты міндеттердің бірі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің стратегиялық даму жоспарында көзделген шараларды жүзеге асыру мақсатында бүгінгі күні инновациялық жоба «Қазынашылық-Клиент» электрондық құжатталған жүйесі мемлекеттік мекемелерде түгелімен енгізілген, барлық қаржылық құжаттар түрі электрондық түрде өңделді. Мемлекеттік мекемелерден келіп түскен төлеуге берілетін шоттары, азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімдері және жоспарлары мен өзгерістердің анықтамаларын Қазынашылық-Клиент электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйесінде өткізу жүзеге асырылады. Яғни, ол өз кезегінде бюджеттің орындалуын жеделдететін бірден бір тетік. Біздің негізгі мақсатымыз – мемлекеттік мекемелердің қаржылық құжаттарының оңдеу сапасын жақсарту. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына сәйкес, қаржылық құжаттарды 6 сағат ішінде оңдеу жүзеге асырылуда.

Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасында республикалық және облыстық, сонымен қатар, қалалық бюджеттен қаржыландырылатын 65 мемлекеттік мекемеге қызмет көрсетіледі.

Қазынашылықтың алдына қойған міндеттерді атқару басқарма қызметкерлеріне жүктелген.

Қазынашылық басқармасында жас және тәжірибелі, жоғары білімді мамандар қызмет атқарады. Жыл өткен сайын мамандардың кәсіби біліктілігі артып келеді.

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі стратегиялық дамуы аясында дамып келе жатқан қазынашылық ақпарат жүйесі, бюджетке бүгінгі салықтарды және басқа да төлемдерді аудару, бюджеттік шығындарды жүргізу, қаржы ресурстарындағы жергілікті атқару органдары мен Қазақстан Республикасы Үкіметін басқарудың тиімділігін арттыру, мемлекеттік бюджеттің атқарылуындағы транспаренттілік бағыттарына негізделген. Басқаша айтқанда, дамып келе жатқан қазынашылықтың ақпараттық жүйесі ел Президенті қойған – мемлекеттік қаржыны тиімді басқару басты міндетін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бүгінде аяғынан нық тұрған Қазынашылық комитеті өзін жақсы дамып келе жатқан қаржы институты ретінде көрсете алады. Ол мемлекеттік қаржыны жедел басқарудың, барлық деңгейдегі бюджеттің атқарылу процесіне қатаң бақылау жасаудың ақпараттық негізі болып табылады. Бұл әрине, білімді, өз істерін жақсы білетін қазынашылық қызметкерлерінің және мемлекеттік бюджетті атқаруды тиімді бақылауды қамтамасыз етудің арқасында жүзеге асып отыр.

15 қараша – Қазақстанның Ұлттық валютасы – Тенгенін айналымға енген күні.

Билығы жылы теңгеміз 27 жасқа толып отыр, осыған байланысты барлық қаржыгер әріптестерімді кәсіби мерекелерімен құттықтаймын. Төл мереке қарсаңында жұмыстарыңызға келешекте Қазақстан экономикасының қаржы әлеуметін дамытуға және күшейтуге кәсіпкерлік секторының қаржы жағынан ырысты, берекелі болуына тілектеспін.

Ардақ МӘМБЕТОВА, Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының бас маман – бас қазынашысы

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ



Ал қоғамда тілді дамыту мен қолдануда көрнекі ақпарат құралдарының да атқарар ролі орасан зор. Сондықтан біз «Тіл туралы» Заңның 21-бабына ерекше мән беріп, жыл басынан қаламыздағы тілдерді дамыту бөлімінің, ішкі саясат бөлімінің, қала құрылысы және сәулет бөлімінің, жастар бөлімінің қызметкерімен айына екі-үш рет кезек-кезек рейдтер шығып, қаламыздағы мекемелер, сауда орындарын тексеріп, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, 300-ден астам ескерту жасадық.


Алашахан, Мир даңғылдары, Абай, Ғарышкерлер, Гагарин, Сәтбаев, С.Сейфуллин, М.Жәлел көшелерімен қоса 9-шы орамды араладық. Әрине, қаламыз ретке келе бастаған. «Де-факто», «Сулпақ», «Мечта» сияқты үлкен дүкендердің іші екі тілде жайнап тұр. Сыртқы көрнекі ақпарат та келісті. Бірақ әлі де кейбір мекеме, сауда орындарының іші заң талаптарына сай реттелмей тұр, әсіресе – жаңадан ашылған кәсіпкерлік нысандар.

Таюуда тағы да рейдте шықтық. «Шаруа» базарының ішіне кірсеңіз «Без маски не входит» деген хабарламадан көз сүрінеді. Әсіресе, өз қазымыз сатып тұрған жеміс-жидек жағы. Бір жерде ғана «айран» деген қазақша сөз көзімізге оттай басылған. Қазір жөнге келтіріпті. Бірақ сол базардың бойындағы барлық дүкен мен дүңгіршектердің ішінен бірде-бір қазақ тілінде хабарлама кездестірмедік. Барлық жерде – «Без маски не входит». «Ғалым» дүкені дәптерлердің мұқабасын «обложка-калпа» қаптаптып қойған. Барған сайын ескерткіш. Сатушылар өрмідей қазақ қыздары, мектепті бітіргендеріне көп болған жоқ шығар. Ана тіліне деген жанашырлық



ЖҮЗ ЖҰМЫСКЕР

тарихи кешен құрылысына жұмылдырылды



Бүгінде Жезқазған-Ұлытау аймағының туристік әлеуетін арттырады деп жоспарланған кешеннің құрылыс жұмыстарының орындалысы – бекітілген кестеден ілгері. Мердігер «Самға» ЖШС жұмысскерлері болашақ нысан іргетасының астына қиыршықтас төсеп, ғимараттың төменгі арматуралық бөлігін бетондаған, сонымен қатар, жергөле қабырғаларын гидроқшаулау, ғимараттың іргетасын, баспалдақтың монтаждау, монолитті бағандар құю, жергөле үй-жайларының ішіндегі топырақты нығыздау, жергөле қабырғаларын жылыту сынды шаруаларды атқарып, еден тартқыштарын орнатып үлгерді. Су құбыры желілерінің траншеясы

қазылып, ұзындығы 1700 метр су құбыры желісі тартылып, есептеу құралы мен ысырма да орнатылды. Қазіргі таңда болашақ кешен сумен толық қамтамасыз етілген. Жарықтандыру жұмыстары да өз деңгейінде орындалған. Тікұшақ алаңы жасалып, Жошы хан ескерткішінің тұғыры гранитпен қапталды. Жоспарланған құрылыс жұмыстарының 87 пайызы аяқталғанын алға тартқан жобаға тапсырыс беруші «Жезқазған қаласы құрылыс бөлімі» ММ мамандары бүгінгі күні ішкі әрлеу жұмыстарымен қатар шатырлау, сыртқы жарықтандыру мен абаттандыру, трансформатор стансасын қою бойынша

КӘСІПКЕРЛЕР МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ҚАТЕ ЖАЗАДЫ

Тіл мәселесі туралы сөз қозғалғанда, біз қазақтың саны артты, қазақ балабақшалары мен мектептері көбейді, мемлекеттік мекемелерде іс қазандары қазақ тіліне рәсімделді деп қуанып жатамыз. Ол бір жағынан орынды да. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында республикамыздағы қазақтардың үлесі 70 пайызға таяпты. Дегенмен, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «тіліміздің қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап, пісіп жатқанын» аса қатты сезініп жүрмегеніміз де жасырын емес. Осы жылдар аралығында екі мәрте қабылданған «Тіл туралы» заң да, тілді дамыту мен қолдану туралы мемлекеттік бағдарламалар да туган тіліміздің қолданыс аясын кеңейтуге әлі де болса қауқарсыз.

байқалмайды. Ет дүкенінің сатушысынан «Орысша жазылмаса, санэпидемстанцияның сынына қаламыз» дегенді де естідік. Орталық көшелердің бірі Ғарышкерлер бульварында көптеген көрнекі құралдардың әріптесі түсіп қалған. «Престиж» дүкені өзінің атына сай мәртебені тек орыс тіліне беріпті. Ішіне кірсеңіз, жарнама, баннерлері бүкіл қабырғаны алып тұр. Балаларға арналған «Bambino» дүкені де соған сай. «Зета» дүкеніне кіріп, ресейдің дүкеніне кіргендей болып едік, ескертуден кейін ретке келтіріпті. «Ваша мебель» деп аталған дүкенге қарап, бұл жарнама ма, әлде атауы ма деп сұрасақ, ол дүкеннің атауы екенін білдік.

Осы орайда көрші Ресейдің тәжірибесіне қарасақ, Волгоград облыстық думасы шетел сөздеріне қарсы күрес жариялаған: егер кәсіпкер өз фирмасының атын орыс тілінде атамаса, ең төменгі жалақы мөлшерінде айып төлейді. Сонымен қоса мекеме аты орыс алфавитімен жазылмай басқа прифитімен орындалса, онда айып көлемі екі есе артады. Ал бізде тек ескертуден шектелмейді. Егер біздің заң білетін қорғаушыларымыз тіл туралы заңды білмесе, қарапайым жұрттан не сұрайсыз. Гагарин көшесінде орналасқан жеке меншік адвокаттық кеңсе ашқан азамат үй қабырғасына орысша хабарлама іліп қойыпты. «ОАЗИС», «КОРФАУ-К» сынды күзет мекемелерінің жазбалары да тек орыс тілінде. Кейбір дүкен иелері сатушының қасында бір ауыз сөз қазақша жазылса, сол жетеді деп ойлайды. Біраз жерде «Маскасыз кіруге болмайды» деп жазылған. Масақдан бұрын бізде барлық жемістер мен көкөністердің бәрі орысшаланып кеткен. Расында оларды қазақша атымен атап ұсынуға

қандай кедергі бар? Тіл мәселесінде ұсақ-түйек болса да қателікке жол беруге болмайтынын, алдындағы бір тілім қағаздың өзін қазақ тілінде толтырған жөн екенін, болмай бара жатқанда ғана екі тілде ұсынуға болатынын түсіндіруге тырыстық. Көп этносты қала болған соң орысша да жазған дұрыс шығар, бірақ қаламыздың 87200 халқының 68,01%-ы қазақтар екенін ескерсек, қазақ тілінің тұншығуына жол жоқ сияқты.

Баға көрсеткіштері ішінде қазақша жазылғанын табу да қиын болып тұр. «Самаді» азық-түлік маркетінде екі тіл қатар қолданылады. Тек алдымен орысшасы «цена», одан кейін ғана қазақша бағасы жазылыпты. «Коммуналды базар» дүкеніндегі ет бөлімінің бірінде «молодая говядина» дегенді көрдік. «Қазына» дүкені басқа дүкендер сияқты есіктеріне дейін «без маски не входит» деп «торлап» қойған, тек осы дүкендегі ет бөлімі ғана атауларын да, бағасын да қазақша жазыпты. Көптеген жерде жарнамалар да, хабарландырулар да орыс тілінде бірінші жазылған. Сауда орындарында сүт өнімдерінде қазақша «сүт, айран» деп жазылған жазуды көрмейсің. Негізі жоғарғы жақтан келетін сүт өнімдері екі тілде жазылған, бірақ қай дүкенге барсаңыз да, қазақша жазылған жағы шектелген, тек орысша жағы ғана қойылған. «Самаз» дүкеніне кіріп, қатар тұрған 10 сүт пакетінің 5-еуін неге сүт деп жазылған жағыменен қоймайсындар десек, дүкен иесі «Ол өнімнің эстетикасын бұзады» дейді. Сүтті ашатын қақпақшасы орысша жазылған жағы ғана әсем эстетикаға толы екен-мыс. Сүт өнімін тапсырушы фирманың менеджері тек орысша жағының тұрғанын талап етуді екен. Сонда өнімнің эстетикасы қазақтың мүддесінен жоғары болғаны ма?!... Дүкен қоғамдық жер болғандықтан ол жер қазақтың жері, мемлекеттік тілі қазақ тілі екені ерекше көрініп тұруы керек. Өзімізді өзіміз қор қылып жүрген қазағым, осы «Самаз» дүкенінде қазақ тілі тек мы-



сықтың тағамына ғана ие болыпты. Оның өзінде ол жарнама жоғарғы жақтан келіпті. Бір байқағанымыз, Нұр-Сұлтан, Алматы сияқты ірі қалалардан келетін мекеме, дүкен, банктің көрнекі ақпараттары екі тілде келеді. Біздің қаламыз әлі де соған ілесе алмай келеді. Қаладағы жарнама жасайтын мекемелердің бәрине ескерткіш, кейбірінде тіл туралы заңның 21-бабы жазылған плакаттар да ілулі тұр. Тіліміздің қолданыста қандай деңгейге жеткенін осы рейдте тағы байқадық. Ұлытау көшесінің бойындағы сауда орталығының әкімшілік қызметкері, өз қазағымыз «Арбуз деген сөздің қазақшасы бар ма?» деп шошыпты.

Тек елімізді ғана емес, әлемді дағдарысқа салған жаман індет кезінде біз де көптеген сауда орындарына түсінісіздікпен қарап, тек ескертуден шектеліп келеміз. Соның бірі – қаламыздағы ең ірі «Қазақмыс» корпорациясының медициналық орталығы. Осы орталыққа барсаңыз, көңілің көтеріледі, айналаның бәрі жасыл желек гүлге оранған, барлық жерде екі тілде жазылған, бірақ екінші қабатындағы Авиценна мүсіні, орталықтың алғашқы басшысы С.Утаев және алғашқы дәрігері К.Исатаеваға арналған тақтайшаларда 10-нан аса қате жіберілгенін көріп тіптен көңіліміз түсіп кетті.

Мандайша мәтініне қарап тұрған не бар деп ойлауыңыз мүмкін. Бірақ тіл мәселесіне келгенде кішкентай да болса қателікке жол жоғын ұмытпағанымыз жөн болар еді.

Мейрамқұл ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ, Жезқазған қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы

Жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, елді-мекендерді абаттандыру, инфрақұрылымды дамыту, білім беру мен мәдениет нысандарын қалыптастыруды көздеген мемлекеттік «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде Жезқазған қаласында 40 жоба қолға алынды. Жобалардың 36-сы қалалық, 4-еуі облыстық бюджеттен қаржыландырылды. Нәтижесінде 1099 жұмыс орны құрылып, оның 550-іне жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелгендерге арналды.

АРХИВ ҒИМАРАТЫ ҚОРШАЛДЫ

Мемлекеттік бағдарлама аясында білім беру, мәдениет және әлеуметтік нысандарды салу мен жөндеу бағытында 11 жоба жоспарланды. Бүгінде Теректі стансасында 80 орындық мектеп, Жошы хан тарихи-мәдени орталығы мен 320 орынға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Сонымен бірге, 4 орта мектеп пен 4 мәдени ошағы күрделі жөндеуден өтті. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бағытында да бірқатар шаруалар атқарылды. Атап айтқанда, ауыз су құбыры желісімен, көріз жүйесін жаңарту бойынша 5 жоба қаржыландырылды. Елді-мекендерді абаттандыру бағытында 22 жоба сәтті аяқталды. Ауалар мен көшелер жарықтандырылып, Женіс көшесіндегі апатты үй сүрілді. Сондай-ақ, Кеңгірде балалар ойын алаңы орнатылып, Талап ауылдық клубы қоршалды. Қаладағы 58 тұрғын үй ағымдағы жөндеуден өтіп, саябақтар абаттандырылып, жаңа коқыс контейнерлері сатып алынды.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының тапсырмасымен Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві ғимаратына қоршау орнатылды.

– Жол картасы аясында біздің ғимаратты қоршауға 10 млн теңге бөлінді. Мердігер «Темірбай КЗ» ЖШС-нің 4 жұмыскері (оның екеуі жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа алынған) төрт ай бойы ұзындығы 270 метр темір қоршауды орнатты, – деген Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің директоры Дина Орынбасарова стратегиялық маңызға ие нысанның бұған дейін қоршауы болмағанын жеткізді.

Бұл өз кезегінде архив ғимараты аумағында бөгде адамдардың жүруі сынды келенсіздіктерді туғызатын. Мемлекеттік бағдарламаның шарапатын көрген архив ұжымы өздеріне жүктелген жұмыстарды сапалы орындаған мердігер мен жұмысшыларға дән риза.

Жұмысскерлер демекші, мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жұмысқа тартылғандардың айлығы ең төменгі жалақының екі мөлшерінен кем емес деңгейде белгіленді, яғни 85000 теңге. Дегенмен, жұмыс көлеміне қарай жұмысскерлердің табысын еселеп көтерген компаниялар да болды.

Диана ОРАЗЛИНА

Өз тіліміз

ХАЛЫҚТЫҢ СЕҢІМІНЕ ИЕ БОЛУ

жүзеге асып жатқан реформалардың нәтижесінде мүмкін болып отыр

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қазақстан егемендігін жария еткен 30 жыл ішінде өркенітті, құқықтық-демократиялық мемлекет құру жолында көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Оның ішінде құқықтық саланың тың өзгерістеріне тоқталар болсақ, медициналық айықтырғыштар Денсаулық сақтау органдарына, көмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтары білім жүйесіне берілді. Аталған мекемелер кеңестік милиция жүйесінен беріліп, полицейлік мекемелер ретінде өздерін ақтай алмады. Жол полициясының көлік құралдарын техникалық байқаудан өткізу мәселесі де көп дау тудырған болатын. Бұл қызмет те қазір бәсекелестік ортаға берілді. Ішкі істер органдарының көші-қон саласындағы қызметін кеңейтуге байланысты жұмыста бірталай өзгерістер енгізіліп, көші-қон полициясы комитеті құрылды. Жүйені онтайландырудың арқасында заңсыз көші-қонға қарсы күрес, оралмандар мен босқындарға қатысты мәселелермен айналысу Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыру мен тіркеу қызметі және көші-қон саласындағы басқа да қызметтер бір ведомствоның, яғни көші-қон полициясының құзыретіне кірді. Соңғы жылдары ішкі істер органдарын қаржыландыру артып отыр. Бұл техникалық тұрғыдан қайта жарактандыруға мүмкіндік берді. Облыс орталықтарында аса криминогендік аудандарды бейнебақылауға алуға және қылмыстарға, оқиғаларға жылдам ден қоюға мүмкіндік беретін жедел басқару орталықтары ашылды. Ірі қалалардың автомобильдік жолдарында жол жүру ережесін бұзатындарды автоматты түрде белгілейтін техникалық бақылау құралдарын орнату жүзеге



30 ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН

асырылуда. Барлық жерлерде полицияның стационарлық бекеттері құрылды, жол патрульдер ақпараттық деректер базасына шығатын бортық компьютерлер мен, планшеттермен қамтамасыз етілді. Елімізде өткізіліп жатқан осы құқықтық реформалардың барлығы құқықбұзушылықтың алдын алудың тиімділігін арттыруды көздейді.

Бүгінде әрбір қазақстандық полиция қызметкері Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Адамдар полиция қызметкерлерін өздерінің қорғаушысы ретінде танып, өз қауіпсіздіктерін сезінулері тиіс» деген міндетін ұран санап, өздеріне артылған зор жауапкершілікті сезініп, адал қызмет етуде.

Тәртіп сақшыларының Отан алдында берген серті мен азаматтық қасиеті ерекше байқалған түс – карантин кезеңі. Ел күйзеліп, абдыраған уақытта күн-түн демей тұрғындар қауіпсіздігін қорып, әр адамның амандығы үшін өз бастарын қауіп-қатерге тіккен полиция қызметкерлерінің жемісті жұмысының нәтижесінде дертке құрық салынды. Әлі де болса, қай тұстан келіп қалады деп үркіп отырған жаман дерттің алдын-алу мақсатында жезқазғандық полиция қызметкерлері кіріспізсіз жұмыстар атқарып жатыр.

Тәуелсіздіктің аң таңы атқан отыз жылдың ішінде ел шарапатына бөленген құқық қорғау саласының қызметкерлері бұдан әрі де ғасырларды ғасырларға жалғап, халқы үшін аянбай қызмет ете береріне сенімді мол.

Аманжол КӨРІМОВ,
Жезқазған қаласы ПБ басшысының бірінші орынбасары, полиция полковнигі

АЛТЫН ОРДА – 750

«Ол (Алтын Ордалық ғұлама ас-Сараи) араб, парсы, түркі тілдерін жетік білді және сол замандағы ең білімді адамдардың бірі болды».

Ортағасырлық араб жылнамаларынан

ӘЛ-ФАРАБИ мен АЛТЫН ОРДА



Әбу-Насыр Әл-Фараби бүгінгі Қазақстанның жарық өткелі деп айтсақ асыра сілтгендік болмасы анық. Әлем халықтары Әл-Фарабиді түркі халықтарының ғұлама ойшылы, Еуразия көпшесілерінің даналығы символы деп түсінеді. Айта кететін жәйт, ұлы Әл-Фарабидің кейінгі жылдары танымалдылығы мен беделінің одан әрі жоғарылауында QS «World University Rankings» әлемдік рейтингісі бойынша өз имиджін елдеуір көтерген Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің өзіндік рөлі бар.



Егер Алтын Орданы (өз аталымы – Қыпшақ мемлекеті) тарихи даму динамикасындағы рухани-өркеніеттік тұтастық деп қарастырсақ, онда бұл мемлекет өзінің шарықтау кезінде ұлы Әл-Фараби негіздеген рухани мақсаттарды жандандырған жарқын феномен болып көз алдымызға келеді. Бұл фарабилік ұлы рухани құндылықтар: шынайы дін, гуманизм, мәдениет пен ғылымға деген құрмет және оның нелерін сыйлау, толеранттылық, Шығыс пен Батыс арасындағы диалог, «Ізгі қала» идеясы.

Айта кететін бір жәйт, арабтар сол кезде Алтын Орданы «Солтүстік мемлекет», «Өзбек елі», «Қыпшақ» деп те атаған. Алтын Орданың шарықтау шағында Сарай қаласында және Хорезмде (империяның екінші мәдени орталығы) тұрып, кейін Қыпшақ мемлекетінен Таяу Шығыс орталықтарына қоныс аударған әйгілі ғалымдар мен мәдени қайраткерлер кім еді?

Иә, 300 жылдан астам тарихи үзілістен кейін ұлы бабамыз Әл-Фарабидің тағдырын, зияткерлік тәжірибесін тағы бір мәрте қайталағандай болған осы Алтын Ордандан шыққан ғұламалардың есімдерінің бізге жеткені: Махмұд Ас-Сараи, Әл-Қырыми, Шехаб ад-дин ас-Сараи, Махмұд ибн Абдаллах Абу Тина ас-Сараи әл-Кахири.

«Ас-Сараи» деген нысып (аты) – бұл аталған ғұламалардың Алтын Орда астанасы, Еділ бойында орналасқан Сарай қаласында туылғанын дәлелдейді, ал «әл-Кахири» – Мысырдағы Каир қаласының тұрғынына айналғанын білдіріп тұр. Мәселен, ғұлама Махмұд әл-Сараи әл-Кахири туралы араб жылнамаларында былай делінген: «ол араб, парсы, түркі тілдерін жетік білген және өз заманындағы ең білімді адамдардың бірі болған».

Жалпы, XIV ғасырда Өзбек хан тұсында Алтын Орданың астанасында мәдениет, ғылым мен өнер қарқынды даму үстінде болды. Осы дәуірде Алтын Орданың атағын шығарған әйгілі түркі ақындары Мұхамед Хорезми, Сайф Сараи, Дүрбек өмір сүрді. Алтын Орда мәдениеті өкілдеріне Құтб ад-дин Рази, Садад ад-дин ат-Тафтазани, Жәлел ад-дин, Хафиз ад-дин әл-Баззави, Ахмад әл-Ханджари жатады.

Назира НУРТАЗИНА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,
Әйгерім СЕЙТКЕН,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ І-курс магистранты

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ ТАРАПТАРДЫҢ ТАРТЫСЫ СПОРТ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫН ТОҚТАТТЫ



– Жоба бойынша 2020-2021 жылдарға қандай жұмыстар жоспарланған?

– Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде биыл 320 көрерменге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысына 900 млн.тенге (ЖҚЖК шеңберінде республикалық бюджеттен 500 млн. тенге, облыстық бюджеттен 100 млн.тенге, қалалық бюджеттен 300 млн.тенге) қаражат бөлінді. Шартқа сәйкес жобаның жалпы сметалық құны 1 млрд.704 млн. тенге, оның ішінде: ҚМЖ – 1 млрд. 639 млн. тенге, техникалық қадағалау – 44,7 млн. тенге, авторлық қадағалау – 20,4 млн. тенге. Іске асыру кезеңі 2020-2021 жылдар. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын «Орион ЛТД» ЖШС мердігерлік ұйымы 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 31/20 жұмыстарды мемлекеттік сатып алу шартына сәйкес жүргізді.

Бүгінде орындалану құрылыс жұмыстарының көлемі 22%-ды құрайды. Құрылыс алаңында келесі жұмыстар аяқталды: ағаштарды, бұталарды жұл, өсімдік топырағын шығару, іргетас шұңқырын әзірлеу, электрмен жабдықтау кабельдерін тарту (600кВт) және науаларды монтаждау, іргетас қаңқасын орнату, тіреу қабырғасын құю, тіреу қабырғасының іргетасын қалау, тіреу қабырғасы мен сатысын монтаждау, 454 дана мөлшерінде ұңғыма қалаларды орнату, ішкі тіреу қабырғасының іргетасын қалау, аумақты тік жоспарлау, жылу желілерін орнату (30%), ғимарат іргетасының құрылысы (80%), арынды көріз құрылысы (80%), ғимарат іргетастарының құрылысы (40%).

Кеңгір жағалауында құрылыс басталған 320 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің басы даудан арылмай қойды. Әу бастағы «Жер дұрыс таңдалмады», «жасыл желектер оталды» деген дау саябырсызаны сол еді жобаның тапсырыс берушісі «Жезқазған қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесін мемлекеттік сатып алу конкурсында екінші орынға ие болған «Астана Көктем-С» ЖШС сотқа берді. Арызданған тараптың көзбөзін – қалалық құрылыс бөлімі мен дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын жүргізіп жатқан мердігер «Орион ЛТД» ЖШС арасында жасалған келісім-шартты бұзу. Сот тартысының қалай аяқталып, болашақ спорт нысанының бүгінгі жағдайын білмек мақсатта Жезқазған қаласы құрылыс бөлімінің басшысы Мәруа КЕЛМАҒАНБЕТОВАҒА сауал жолдады.



2020 жылдың 15 қарашасына дейін КТП мен 15 желтоқсанға дейін 10000 кВт трансформатор орнатуға тапсырыс берілді.

– «Жұмыспен қамту жол картасы» бойынша нысан құрылысына қанша адам жұмылдырылды?

– «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы шеңберінде ағымдағы жылы республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен құрылыс-монтаждау жұмыстарын іске асыру кезеңінде жұмыспен қамту орталығынан 29 адам жұмысқа қабылданды.

– Мемлекеттік сатып-алу конкурсы мен келісім шартқа байланысты сот процесі жүріп жатқанын білеміз. Сол жайында толығырақ айтсаңыз.

– «Жезқазған қаласының құрылыс бөлімі» ММ өтінімі бойынша 24.01.2020 жылы конкурс жарияланды. 12.03.2020 жылы хаттамаға сәйкес «Орион ЛТД» ЖШС конкурс жеңімпазы, екінші орын алған «Астана Көктем-С» ЖШС әлеуетті жеткізуші болып анықталды. Осылайша, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы-

ның 43-бабы 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес заңда көзделген мерзімде жалпы сомасы 1 638 582 674 тенге 41 тиын болатын жұмысты орындауға мердігер компания «Орион ЛТД» ЖШС-мен келісім шарт жасалды. Жоғарыда айтып өткенімдей, мердігер өзіне жүктелген міндеттерді күні бүгінге дейін белгіленген кестеге сай жүргізді. «Астана Көктем-С» ЖШС арызмен өткен азаматтық іс бойынша Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 14 шілдедегі № 2-2291-20 шешімімен «Жезқазған қаласының құрылыс бөлімі» ММ мен «Орион LTD» ЖШС арасында 24.04.2020 жылы жасалған №31/20 мемлекеттік сатып алу туралы шартты жарамсыз деп танылды. Нәтижесінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы тоқтап, келісім шарт бұзылды. Қазіргі таңда «Жезқазған қалалық құрылыс бөлімі» ММ Қазақстан Республикасының жоғарғы сотына кассациялық шағым жолдады.

Дайындаған Диана ОРАЗАЛПИНА

ТІРШІЛІК

ТАҒДЫР ТЕПЕРІШІ ОҒЫСТЫРҒАН

Бұл дүниеде мәңгілік ештеңе жоғы анық. Ғұмырыңның ең қызықты сәттері орын алатын жастық шақ та артта қалады. Қарттық өмірі қалай, қайда өтетінін ешкім де нақты білмейді. Ақсақалды қария, ақ жасулықты кейуана шағында тағдыр ұсынған «тосынсыз» Жезқазған қаласының қарттар мен мүгедектердің медициналық-әлеуметтік мекемесі болары мұндағы тұрғындардың үш ұйықтаса түсіне кірмесін сөзсіз.



Қарағанды облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының ведомстволық бағынышты мекемесі болып саналатын осынау орталық 241 орынға шақталған. Бүгінгі таңда 204 адамның тұрғылықты мекен-жайына айналған бұл жерде барлық жағдай жасалған деуге болады. Ондағы тұрғындардың 104-і – қараусыз қалған, жақын туыстары жоқ қариялар болса, қалған 100-і мүмкіндігі шектеулі жандар. Аталған мекемеге қабылданушылар саны да жыл сайын артып келеді. Бұның себебтері де әр түрлі. Қаламыздағы бұл мекеменің басты ерекшелігі – мұнда тек жақын туған-туысы жоқ жандар ғана қабылданады.

Одан бөлек бұл мекемеге өз қалауымен келген жандар да бар. Бұлардың дені – бала-шағасы, жақын туыстары жоқ адамдар. Жезқазған қаласының қарттар мен мүгедектерінің медициналық-әлеуметтік мекемесіне көмекке мұқтаж жандарды қабылдау Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Әлемдік жайлаған қауіпті дерт бірінші кезекте егде жастағылар үшін аса қауіпті екенін білеміз. Соған байланысты Зәуреш Бірмағанбетова бастылық ететін Жезқазған қаласының қарттар мен мүгедектерінің медициналық-әлеуметтік мекемесі де барынша оңтайлы шешім қабылдап, сақтық шараларын қатаң ұстануға тырысып бағуда. Соған байланысты, аталған мекеме қызметкерлері ауру белсең ала бастаған сәттен бастап вахталық режимге көшкен. Ал қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандар жақындарымен телефон арқылы, видеобайланыс арқылы және түрлі әлеуметтік желілер арқылы хабарласа алады. Ғаламтор желісінің сапасын жақсарту мақсатында жоғары жылдамдықтағы WI-FI да орнатылған.

Мекеме жұмысына жылына облыстық бюджет есебінен 320 миллион тенге бөлінді. Аталған қаржы сомасы мұндағы тұрғындардың тамағына, киім-кешегіне, ем-домына жұмсалды. Сонымен қатар, олардың зейнетақысының белгілі бір сомасы 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы № 105-Ұ заңына сай ұсталынады. Бүгінгі таңда бұл жерде 120 қызметкер еңбек етеді. Қызметкерлер әлі де болса қажет. Себебі, мұнда әрбір тұрғынның жеке өзіне бірнеше адам көмек көрсетеді.

Қоғалып-тұру мүмкіндігі қиын немесе мүлде жоқ олардың күтімі үшін біздің қызметкерлер барын салады. Олардың еңбегі де бір бөлек хикая, – дейді мекеме басшысының орынбасары Имантай Сәтбаев.

Мекеме жұмысымен танысу барысында бұл жерді туған үйіне айналдырған қариялармен де тілдескенді жөн көріп, телефон арқылы байланысқа шықтық. Солардың бірі – Есен Мұстафин.

Мысты шаһарда өмір сүріп жатқанына 45 жыл болғанын айтқан ол, алғаш Жезқазғанға келген 1975 жылдың 7 қазанын ешқашан естен шығармайтынын айтады. Балалық шағын интернатта өткізіп, кейін Қарағанды политехникалық институтында білім алған ол кейінгі ғұмырын ұстаздыққа, Жезқазғанда жаңа кадрларды даярлауға арнаған. Кейіннен жан жарынан, жалғыз баласынан айрылған ол инсульт салдарынан қоларбаға танылды. Осылайша, студенттері ұстазын осы мекемеге орналастыруды жөн көріпті. Бүгінде барлық достарымен, шәкіртерімен, немересімен байланысты үзбеген ол:

– Әр күніме шүкір айтамын. Бұл жерде жағдайым жаман емес. 4 мезгіл тамағымыз әзірлейді. Кір-қонымыз жуулы. Төсек орын, жатын жеріміз таза. Ем-домнан бөлек түр-

лі қоғамдық шаралар да ұйымдастырылып тұрады, – дейді.

Өмірі шытырманға толы тағдыр иесінің бірі – Зейнел Жағыпарұлы. Көпті көрген ақсақалдың айтары да мол. Ет жүрегі туған жер деп алып ұшқан оның ата-бабасы қилы замандарда Қытай асып кеткен. Содан сол жерде туып-өсіп, туған жерінің топырағын ансаған ол інісінің отбасымен 2006 жылы Қазақстанға қоныс аударған.

– Әйелім ерте қайтты. Інім мен оның әйелі Қытайда мұғалім болып, зейнетке шыққан еді. Мемлекеттен зейнетақы алатын олар, елге оралғанымен Қытай азаматтығынан шықпады. Осылайша бірнеше уақыттан кейін Қытайға барып, қайтадан Қазақстанға қайта алмай қалды. Ал олардың балалары Алматының Ұзынағаш деген жерінде тіршілік кешуде. Кейіннен коронавирус себеп болып, шекара бекітілді. Олардың Қазақстанға оралуы тіптен қиындай түсті. Телефон арқылы бір-бірімізбен жыл-жыл көрісіп отырамыз. Аман нешік, жағдай осылай болды. Менің артымнан туған өз ұрпағым жоқ. Әл-қуат кеткен шақта бала-шаға мен жақындарының жанында ғұмырыңның соңғы сәттерін өткізгенге не жетсін?! – деген қария бауырларымың, елдің амаңдығын тілейтінін айтып ауыр күрсінді.

Шанырақтың шаттығы мен қуанышының, ырысы мен ынтымағының, береке-несібісінің ұйытқысына айналған қариялар қазак қоғамы үшін аса қадірлі һәм қастерлі болған. Бүгінгі қоғамда ата-анаға деген безбүйректіктің орын алуы көңілімізді қынжылтпай қоймайтыны ақиқат. Осындай-да барар жері, басар тауы қалмағандардың панасына айналған қарттар үйінің барына іштей қуанасың да. Әйтпегенде, қазыналы қариялардың енді тағдырын ойлаудың өзі қорқынышты...

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БАСПАСӨЗ-2021 «SARYARQA» ГАЗЕТИН СЕРІК ЕТЕМІН

Ақпарат ғасыры атанған мына заманда қандай да болсын оқиғаның анық-қанығын егжей-тегжейлі оқырманға жеткізу кез келгенің қолынан келетін іс емес. Осы тұста газет тілшілерінің еңбегі орасан екені де шүбәсіз.

Мен газет оқығанды бала күнімнен жақсы көремін. Біздің дәуіріміздегі негізгі ақпарат көзі саналатын газет көптеген түйткілді де құрметті мәселелердің шешімін табуына ықпал ететін негізгі күш саналатын. Заман алға жылжып, керуендер көші жалғасқан сайын дерек көздерінің алуан түрі қолданысқа енді. Бұлай болуы да заңдылық. Бүгінде жастар барлығын ғаламтор желісінен, әлеуметтік желілерден табуға тырысады. Сондай-ақ, қолында ұялы телефон бар барлық адам ақпаратты тарату мүмкіндігіне ие. Әйтсе де, ақпаратты нақты, дәл, сауатты жеткізу, оған сараптама жасап, қажетін ұсынып, керексізін алып тастау жұмыстары тек газет бетінде ғана қолданылады.

Сондықтан да болар, әлемдегі алдыңғы қатарлы дамыған елдердің барлығында дерлік газет редакциялары жұмыс істейді. Олардың технологиялық даму революциясы біздікінен әлдеқайда алда. Қазіргі таңда қолданып жүрген жаңа технологиялары бізге аз дегенде 3-4 жылда өрен жетеді. Осындай дәрежеде отырып, олар бәрібір газет оқиды. Анығында, іздеп жүріп, таңмен таласа шайын ішпесе де сол газетті сатып алып, 15-20 минутын газет оқуға арнауды әдетке айналдырған. Сонда олар ғаламтордан ақпаратты таба алмағандықтарынан осылай істеп отыр ма?! Жоқ, олардың экономикасына қарап бұлай деуіміз үлкен қателік болар еді. Ғасырлар өтсе де газет ең құнды, ең бағалы, ең сенімді, тек қана көзі ашық, көкірегі ояу, жоғары қауым өкілдері оқитын құрал қасиетін жоғайған жоқ. Ал біз де ше? Біз көбіне ізіннен қуып жүріп жаздырған бір-екі газетті жыр қылып, жоқсызды жалаң әңгімеге ерік береміз.

Бүгінгі уақытта газет керек емесін аға тартамыз. Аталған мағлұматты ғаламтор желісінен тауып алуға болатынын жиі айтамыз. Газет, ол – ғасырлық тарихтың жылнамасы. Осы тұста мен әр жұма сайын асыға тосатын бір газет бар. Ол – Аймақ тарихын тізіп жүрген Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газеті. Бұл басылым халықтың көзі мен құлағы болудан таңған емес. Аймағымызда не болып жатқанын, қандай құрылыс басталып, қайсысы біткенін, кім келіп, кім кеткенін – барлығын осы «Saryarqa»-дан біліп отырамын. Аймақ жаңалықтарын газеттен оқымасқа, ғаламтордан іздемейтініміз анық. Қай деректі қай сайттан немесе қай әлеуметтік желі парақшасынан іздеп отырмақсыз. Бұл деген қаншама уақытты алады. Ал газетті апта сайын ашып, сөзгі беттен сан түрлі жаңалық білемін.

Бұрынғы облыстық «Жезқазған туы» газетінің заңды мұрагері саналатын «Saryarqa» алдыңғы буын ағалар салған сара жолынан жаңылмай келеді. Оның әр бетінде әр түрлі ақпарат бар. Соның ішінде маған ерекше ұнайтыны – қазықтың ойыны, ғұламалары Әбу Насыр әл-Фараби, Абай Құнанбайұлы туралы жазылатын тың деректер. Сондай-ақ, биыл Алтын Орда қорықтарына 750 жыл толып жатыр. Алтын Орда тарихы қасиетті мекен Ұлытаумен тікелей байланысты. Сол дәуірде үстемдік еткен қаншама хандар мен қолбасшылар Ұлытау топырағында жерленген. Бір Жошы ханның тарихы неге татиды? Президент тапсырмасына сай биыл бұрын жөнді түрде зерттелмеген Алтын Орда тарихы бір негізге келтіріле бастады. Көптеген қазақстандық және шетелдік тарихшылар жүйелі зерттеулер жүргізуде. Археолог мамандарда түрлі тарихи орындарды ашып жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлытау – халықаралық денгейдегі этнографиялық туризм орталығы болуы тиіс. Бұрын жобаланған «Ұлытау» ұлттық табиғи паркі құру мәселесін жүзеге асыру керек. Биыл мұнда туристер үшін арнайы орталық ашылуы тиіс» деген болатын. Соған сай Ұлытау келбеті күн санап жаңарып келеді. Оған біз де тілеусіз болып, іштей қуанып, марқайып отырмыз. Көптеген тарихи-мемориалды ескерткіштер, кесенелер қайта қалпына келтіріліп жатыр.

Одан бөлек, Жезқазғанға да жаңа әкім келді. Жаңа басшының тағайындалуымен мысты шаһар одан әрі жүзденеді, бұрын құлдырауға таяған кейбір келесіз тұстар қайта жанданады деген үмітіміз бар. Осы тұста қала әкімі Қайрат Әбсаттаровтың біраз игілікті істерін көріп бір үміт сәулесі жылт етті. Бір-екі жылда қала тұрғындары көгілдір отынның қызығын көрмек. Қаншама жылдардан бері жаңартылмаған су және жылу құбырлары ауыстырылды. Қаламыз арқылы өтетін республикалық маңызы бар жолдар жөнделмек. Бірнеше жаңа құрылыстар басталмақ. Осы жаңалықтардың бәрін мен «Saryarqa»-дан оқып құлақтандым. Жыл басынан бері ешкімді де елеусіз қалдырмаған корона-вирус індеті тұсында, аса қатал карантин уақытында оқырманға нақты ақпаратпен қамтамасыз ету үшін халыққа кідірмей қызмет еткен «Saryarqa»-ның еңбегі тіптен бөлек.

Айта берсек алғыс көп-ақ. Біз көбіне көз алдымызда жүргеннің қадірін аса қатты бағамдай бермейміз ғой. Туған жер тарихынан сыр шертер, төл жаңалықтың хабаршысы болған осы газет бетінде қаламыздағы барлық мекеме мамандарының мақалалары жарияланып тұрады. Сол себепті де мен жарты ғасырға жуық тарихы бар «Saryarqa» газетінің тұрақты оқырманы болуға кеңес берер едім. Аймақ тынысының жаршысына айналған басылымды қолдау баршамызға ортақ іс деп білемін.



ТЕАТР

С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театрында Сәкен Жүнісовтің «Жаралы гүлдер» спектаклінің премьерасы болды. 49-театр маусымында қойылып отырған алғашқы премьеры Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына арнайы әзірленген. Ақпараттық әкелері қан майданға аттанып, тұрмыс тауқыметін, отбасы жауапкершілігі, тылдағы еңбек мойындарына түскен қаршадай жасөспірімдердің қиын тағдыры баяндалатын қойылым көрермен көзіне жас алдыртты.

Әкелері соғыста қаза тапқан, аман-дары мүгедек болып оралған оқушы жастардың фашист әскерлеріне деген өшпенділігі және туған жерге, өз отандарына деген шексіз махаббаттары суреттелген қойылымда ата-анасынан айрылып, бір үйге өзі не болып қалған Бақыт есімді ақын баланың рөлін сомдаған актер – Нұрлыхан Файзиев. Театрдағы жұмысына 4 ай болған жас актерден өзі сомдаған рөліне қатысты сұрағанымызда:

– Көрермен қошеметі шабыт үстіне шабыт қосады ғой. Дегенмен, мен өзімнің бүгінгі ойынымда он бадлық жүйе бойынша үш жарым деген баға қояр едім. Мен өз деңгейімді жақсы білемін. Алдағы уақытта бұдан да жоғары көрсет-

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНАН СЫР ШЕРТКЕН

кіште актерлік шеберлігімді танытарым сөзсіз. Бүгінгі қойылым барысында бір үйдің баласындай болып, бір-біріне қолдау көрсеткен, демеу болған актерлерге зор алғысымды білдіремін, – дейді ол.

Қойылым соңында қоюшы режиссер Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Досжан Жанботаевпен тілдесудің де сәті түсті.

– Қазіргі таңда Ұлы Отан соғысы, тыл майданы деген тақырыптармен бүгінгі жастарды таңқалдыру, театрға деген қызығушылығын ояту өте қиын. Олар бұндай ауыр тақырыптарды өн бойларынан өткізіп, жүректен сезінуге келгенде аса ықтиярлық таныта бермейді. Тіпті тылдағы өмірдің қиыншылығын жіте түсінбейтіндері де бар. Міне, біз осы спектакль арқылы жастарды тарих қойнауына сүңгітіп, бабалар ерлігін ұмытпауға шақыра алдық деген ойдамын. Жаңа басы Шуқан Сәкеннің келуімен театрымызда бірталай өзгерістер орын алып жатыр. Солардың бірі – еліміздің орталық қалаларынан режиссерлер шақырылып, театр ұжымына көрген-білгендерін үйретуде. Біз тек Серке театрының айналасында қалып қоймай, өзге өнер



жұмыдарының да іс-тәжірибелерін көргеніміз дұрыс. Жақында жас режиссер Ерлан Қарібаев келіп, шеберлік сабағын өткізді. Алдағы уақытта елімізге белгілі басқа да режиссерлармен қатар ресейлік театр мамандарын да мысты шаһарға ал-

дырту ойда бар, – деген ол асыра сілтеуден аулақ шевкндік актерлік мектебінің негізін сақтап қалған Серке театрының бағындырар белестері әлі де алда екенін жеткізді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ! ПАРАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

Кез келген оркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық – заман ағымсымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей бідің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы ұлдымындық курсы болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз кажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта

танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қарсы тұрып, атсалысып, қарсы жұмылуымыз кажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің жолы электрондық қызмет

көрсетудің аясын кеңейту. Бұл тұрғыда Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасында «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесі іске асырылған. Басқарма 65 мемлекеттік мекемелер/мемлекеттік сатып алу шоттары бойынша электрондық түрде қызмет көрсетеді. Электрондық қызмет сыбайласулық жолын кесу отырып қағазбастылықты жетілдетеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресу тек бір ұйымның шаруасы емес, бұл бүкіл халықтық сипат алған жағдайда толық тыялады.

Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының қызметкерлері Президентіміз жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз дегендей, қоғамды жегілдей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресуіміз кажет деп бірауыздан пікірлерін білдірді.

Роза ШЕРТАЕВА,
Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасы бастышының орынбасары

ЖИТС-тен ҚОРҒАНУ – ӘРКІМНІҢ МІНДЕТІ

1 желтоқсан – АИТВ ауруына шалдыққандарға қолдау көрсететін және ЖИТС-тан қайтыс болғандарды еске алатын күн. Осыған орай, Жезқазған қаласында бірқатар шаралар ұйымдастырылды.

Жиындардың бірінде дертке 20 мен 49 жас аралығындағы жандар жиі шалдығатыны айтылды. Олардың арасында жастардың үлесі басым. Соған байланысты Қарағанды облыстық ЖИТС-тың алдын-алу және күрес жөніндегі орталығы Жезқазған қалалық бөлімінің дәрігер-эпидемиологі Гүлбаршын Әлиева мен жастар ресурстық орталығының маманы Ақтоқжын Әрира Жезқазған жоғарғы медициналық колледжінің жастарымен жүздесіп, аурудың алдын алу және емдеу жолдары туралы пікір алмасты.

– АИТВ – XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап белгілі болған ауру. Ол ағзаға түскенде адамның аурудан

және жұқпадан қорғайтын иммунитет жүйесін бұзады. Дер кезінде қажетті ем көрсетілмейтін болса, АИТВ соны ЖИТС-қа дулар етеді. ЖИТС салдарынан организмде бір мезетте бірнеше пневмония, обыр, туберкулез сынды көптеген қатерлі аурулар пайда болады. ЖИТС жыныстық қатынас, әр түрлі инъекциялар жасаған кезде вирустың қанға түсуінен және анадан нәрестеге жүзу арқылы таралады. Ал күнделікті қарым-қатынас барысында адамдар араласуы арқылы ЖИТС вирустары тарамайды, – деген Гүлбаршын Әлиева аталған дерттен сақтанудың басты жолдарын да егжей-тегжейлі түсіндіріп өтті.

Аталған кездесу келесі күні Жезқазған қаласының ювеналды сотында жалғасты. Сала мамандарымен кездескен эпидемиолог дәрігерлер Жанна Майншурнина мен педагог-социолог Гүлнұр Бесбаева АИТВ мен ЖИТС ауруына шалдығып, одан қайтыс болған адамдар және оларға деген қоғамның көзқарасы туралы кеңінен тарттақты.

Шара барысында ювеналды полиция қызметкері Жансәуле Құрманбаева қазіргі таңдағы балалар тәртібі мен қауіпсіздігі туралы да сөз қозғайды.

2020 жылғы Дүниежүзілік ЖИТС-пен күресу күнінің тақырыбы «Жаһандық ынтымақтастық, ортақ жауапкершілік» болды.

Ай СҮГІР

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және денсаулықты сақтау – барлық уақытта маңызды міндеттердің бірі. Біз қорғаныс азаматтар – кішкентай балаларға ерекше қамқорлықты сезінеміз. Бала көбінесе қауіп көзі болып табылады. Ол өзінің іс-әрекетімен немесе әрекетсіздігімен қауіпті жағдай туғызып, өз өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Баланы қауіп-қатерден қорғау барысында оны қиындықтармен кездесуіне дайындау, ең қауіпті жағдайлар туралы түсінік қалыптастыру, сәттік шараларын қолдану, үлгі болатын ата-аналармен бірге күнделікті өмірде және көшеде өзін-өзі қауіпсіз ұстау дағдыларын қалыптастыру маңызды.

Сондықтан, бұл мәселені шешу өзекті және маңызды болып табылады. Балаларға экстремалды жағдайлармен қалай күресуге болатындығын үйрету керек. Балаға қауіп төндіретін негізгі қауіп көздері:

- қауіпті заттар;
- үйдегі қауіпті жағдайлар;
- бейтаныс адамдар мен жануарлар.

Балаларға күнделікті өмірде, көшеде кездесетін және денсаулыққа қауіпті заттар туралы түсінік қалыптастыру, әр түрлі жағдайларды талдай отырып, оларды белгілі бір ережелерді сақтауға үйрету керек.

Баланы біртіндеп тәуелсіз болуға үйрету керек екенін ұмытпаңыздар. Баланы қорқытпай, барлық қауіптер туралы бірден айту қажет емес. Ақпаратты мұқият, әдіснамалық түрде беру керек (қай ойларды айтқаныңызды жою немесе қолы не туралы әйелсіздендіргіңізді блокнотқа түсіріп отыру маңызды). Бір тақырып бойынша бірнеше рет қайталауды ұмытпаңыз, белгілі бір

маңызды сәттерді еске түсіріп, суреттерге сүйемдену жақсы әсер береді.

Баланың көшедегі қауіпсіз жүріс-тұрысы ережелерін үйрену барысында туыстарыңызды рөлдік көріністерді көрсетуге қатыстырыңыз. Өзіндікін масалының бойынша көшеде өзін қалай ұстау керектігін көрсетіңіз, баланың ой-өрісін кеңейтіңіз. Сондай-ақ, баланыңдан оған айтқаныңызды қалай есінде сақтағанын көрсетіңіз сұраңыз.

Баланыңа табиғатта кездесетін қауіпті жануарлар туралы айтып беріңіз. Соның қатарында, қалада кездесетіндерге ерекше назар аударыңыз, мысалы: иттерге, құтырған жануарларға.

Қаңғыбас иттердің қасында жүріс-тұрыс ережелері туралы білу керек! Сондықтан, баланы қолыңызбен жетелесіңіз де, тынышандыруға тырысыңыз. Иттер қорқынышпен бірге жүретін адреналинге сезімтал. Олар адамның қорқатындығын сезгенде, күдікпен қарайды.

Алыстан жүгіріп келе жатқан иттерді көріп, бастақында бұрылғыңыз келгендей, асықпай маршрутты өзгертіңіз. Иттердің назарын аудармаңыз. Біреуді көмекке шақыру немесе келетін қозғалу әрекеттері иттерді ескертпейді. Баланыңдың тыныш болуына білдіретін әрекет жасаңыз (қолыңағы таямақ немесе сыйдырайтын заттан құтылыңыз).

Қаңғыбас иттердің арасында ауру болуы мүмкін, сондықтан олар кез-келген адамға себепсіз шабуыл жасай алатынын ескертіңіз.

Бұрын шабуыл жасауға дайындалып жатқан итті көрсет, жерге тезірек иліп, қолына тас алып жатқанды көрсету керек деп сенген. Шынында да, кейбір иттер мұндай өткір маневрден қорқатын болады. Бірақ егер үлкен иттер шабуыл жасағысы келсе, бұл қажет емес. Бұл қаңғыбас иттердің ерекше екендігіне байланысты, олар табиғаттың қатал жағдайында тірі қалуға көмектесетін сезімдері мен инстинктері әлдеқайда дамыған, – тез арада жауға соққы беруге дайын болуы мүмкін.

Иесіз иттердің көзіне қарамаған жөн – олардың ешқайсысы мұндай «дуэльді» ұнатпайды. Сондықтан бұл мінез-құлық жануарды ашуландырып, шабуылдан тездетуі мүмкін.

Иттерді көргенде қашуға тырыспау керек, олар міндетті түрде қуып жетеді. Назарың аудару қажет мысалы: күрте, сөмке, аяқ-түлік салынған сөмкелерді итке тастап, сонғысы аш қуғыншыларды ұзақ уақыт ұстап тұрғанда білдірмей қуғылуы ұйымдастырған дұрыс.

Қандай қауіп-қатерден құтылуыңды үйретсе те: ең бастысы, балаларыңды тыныш үйде, далада, көшеде қараусыз қалдырмаңыздар!

Жезқазған қаласы әкімдігі жаңындағы мемлекеттік толғағандардың істері және олардың құқықтары қорғау комиссиясы және «Жезқазған қаласының білім бөлімі» ММ

ЖОБА

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ПАЙДАЛАНЫЛМАЙТЫН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРГЕ ЖЕР САЛЫҒЫНЫҢ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМELEPiН ЖОҒАРЫЛАТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес қалалық мәслихат ПЕШЕТІ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес, Жезқазған қаласы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы қалалық мәслихаттың хатшысы С. МЕДЕБАЕВ

ЖОЛДЫ ЗАҢСЫЗ БӨГЕУ – ҚАУІПТІ

Жезқазған қаласының кейбір аудандарында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұза отырып, жергілікті тұрғындар көп қабатты тұрғын үйлерге оту жолдарын бетон блоктармен жабады. Адамдар ауалардағы көліктердің қозғалысын тоқтатысы келеді, бірақ бұл кедергілер бір уақытта арнайы техниканы, соның ішінде өрт сөндіру машиналарын мен желел жәрдем машиналарының өтуіне кедергі болады. **Өрт болған жағдайда, сондай-ақ, шұғыл медициналық көмек көрсетілген жағдайда өрт сөндірушілер мен дәрігерлерге айналма жолдарды іздеуі қымбат міндеттері жұмысқа тура келеді, ал бұл біреудің өміріне қауіп төндіруі мүмкін.**

Өрттерді талдау нәтижесі бойынша Жезқазған қаласының ауа-мәңгіде орын алған барлық өрттердің 70% - дан астамын тұрғын үй секторында болып жатқанын көрсетеді.

Өртке қарсы қызметкерлері төтенше жағдай болған орнына бара жатқанда жолда өрттің кедергілеріне жиі кезіледі. Бұл – тұрғын үйлерге кіреберіс жолдардың бетон блоктармен, плиталармен және т.б. заттармен бөтелуі, кездейсоқ тұрақталған көлік құралдары, ағаштардың салбыраған бұтақтары. Жоғарыда аталғандардың барлығы өрт сөндірушілерге адамдардың өліміне жол бермеуге, олардың денсаулығы мен материалдық құндылықтарын қорғауға бағытталған іс-шараларды жедел орындауға кедергі келтіреді.

Осыған байланысты Жезқазған қаласының төтенше жағдайлар басқармасы қала тұрғындарынан, арнайы қызметтердің тұрғын үй секторында еркін жүріне кедергі келтіретін стихиялық ұйымдасқан тосқауылдар орнатпауын сұрайды. Автокөлік құралдары бар азаматтарға, кірме аумақтарды көліктердің тұрағына айналдыруына жол берілмесін.

Қажет болған жағдайда жылдамдық режимін шектеу, сондай-ақ, үй маңындағы аумақтарға жол жүруді шектеу, қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін қазіргі заманғы шектеу құралдарымен (автоматты шлагбаумдар, жасанды кедергілер және т.б.) белгілеу қажет.

Өрт болған жағдайда өртке қарсы қызметке 101 немесе 112 телефоны бойынша дереу хабарлау қажет.

Сонымен қатар, желел қызметтердің телефондарын мақсатсыз пайдалануға жол берілмейтінін еске салмаз.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ: 74-11-34.

Қуанышбек ДОСЖАНОВ,
Жезқазған қаласының ТЖБ МӨББ аға инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты

DUSENBI

23 QARASHA

QAZAQSTAN

6:05 «Азамат». Д/ф. 6:35 «Másele». 7:15 «Қанатты баыры туралы аңыз». М/ф. 8:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 12:00 «Қозыай». 13:00 «ТЕЛЕДЖЕРГЕР». 14:00 «Арпа». 15:00 «Шабдалы 18». 16:00 «ATAMEKEN». 16:30 «Тұлға». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «КЕЛІН ӨНБ». 20:00 AQPAPAT. 20:35 «ASHYU ALAN». 21:30 «ШАБДАЛЫ 18». 22:30 «FATMAGYLY». 0:00 «Жүзден жүйрі». 1:40 AQPAPAT. 2:15 «Ashyq aлаf». 3:10 «Телдерігер». 4:00 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 «Қызық times». 8:30 М/с. «Бұба». 9:20 «Qalamaimyn». 10:20 «Құсайынотар. Өмір жолы». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Международные эксперты с Алмазом Шарманом». 13:10 «Чужое гнездо». 14:00 «Дети сестер». 15:00

SEISENBI

24 QARASHA

QAZAQSTAN

6:05 «Азамат». Д/ф. 6:30 AQPAPAT. 7:05 «Питер Пэн». М.х. 8:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 «ТЕЛЕДЖЕРГЕР». 14:00 «Тайм тренд». 14:55 «АНЬИЗБЕН АСТАКАН МАҢГЫСТАУ». Д/ф. 15:00 «Шабдалы 18». 16:00 «КАИСАР ЖАН». 16:25 «Ауылдастар». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «КЕЛІН ӨНБ». 20:00 AQPAPAT. 20:35 «ASHYU ALAN». 21:30 «ШАБДАЛЫ 18». 22:30 «FATMAGYLY». 0:00 «Жаркын жүзесу». 1:00 «Ashyq алаf». 1:50 ФУТБОЛ. УЕФА. Чемпиондар Лигасы. ЛПСЖ (Франция) – «РБ ЛЕЙПЦИГ» (Германия). 4:00 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 «Қызық times». 8:30 М/с. «Бұба». 9:20 «Qalamaimyn». 10:20 «Құсайынотар. Өмір жолы». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 13:10 «Чужое гнездо». 14:00 «Дети сестер». 15:00

SARSENBI

25 QARASHA

QAZAQSTAN

6:05 «Азамат». Д/ф. 6:30 AQPAPAT. 7:05 «Питер Пэн». М.х. 8:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 12:00 «Дәстүр даналары». 13:00 «ТЕЛЕДЖЕРГЕР». 14:00 «Жаркын жүзесу». 15:00 «Шабдалы 18». 16:00 «КЕЛІН ӨНБ». 16:25 «Ауылдастар». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «КЕЛІН ӨНБ». 20:00 AQPAPAT. 20:35 «ASHYU ALAN». 21:30 «ШАБДАЛЫ 18». 22:30 «FATMAGYLY». 0:00 «Қымбат жандар». 0:55 «Ashyq алаf». 1:50 ФУТБОЛ. УЕФА. ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫ. «ИНТЕР» (Италия) – «РЕАЛ МАДРИД» (Испания).

ХАБАР

6:00 «Қызық times». 8:30 М/с. «Бұба». 9:20 «Qalamaimyn». 10:20 «Құсайынотар. Өмір жолы». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 13:10 «Чужое гнездо». 14:00 «Дети сестер». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Алмыстан асып барамын». 17:00

BEISENBI

26 QARASHA

QAZAQSTAN

6:05 «Азамат». Д/ф. 6:30 AQPAPAT. 7:05 «Питер Пэн». М.х. 8:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 «ТЕЛЕДЖЕРГЕР». 14:00 «Қымбат жандар». 15:00 «Шабдалы 18». 16:00 «МЕНІН ҚАЗАҚСТАНУМ». 16:25 «Ауылдастар». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «КЕЛІН ӨНБ». 20:00 AQPAPAT. 20:35 «ASHYU ALAN». 21:30 «ШАБДАЛЫ 18». 22:30 «FATMAGYLY». 0:00 «Күміс көлемі». 0:55 «Ashyq алаf». 1:50 ФУТБОЛ. УЕФА. ЕУРОПА ЛИГАСЫ. «ТОТЕНХЭМ» (Англия) – «ЛУДОГОРЕЦ» (Болгария). 4:00 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 «Қызық times». 8:30 М/с. «Бұба». 9:20 «Qalamaimyn». 10:20 «Тракторшының махаббаты». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Международные эксперты с Алмазом Шарманом». 13:10 «Чужое гнездо». 14:00 «Дети сестер». 15:00

JUMA

27 QARASHA

QAZAQSTAN

6:05 «Азамат». Д/ф. 6:30 AQPAPAT. 7:05 «Питер Пэн». М.х. 8:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 «ТЕЛЕДЖЕРГЕР». 14:00 «Егіз лебіз». 15:00 «Шабдалы 18». 16:00 «ИМАН ӨЗЕГІ». 16:20 «КОУЛДАУ - 2020». 16:40 «СӨЛЕМ АЛЫ НАСЫБ». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «ТӘЛЖИМ TREND». 18:00 «КЕЛІН ӨНБ». 20:00 AQPAPAT. 20:35 «ASHYU ALAN». 21:30 «ШАБДАЛЫ 18». 22:30 «FATMAGYLY». 0:00 «PARASAT MAIDAN». 0:30 AQPAPAT. 1:05 «Ashyq алаf». 1:55 «Телдерігер». 2:45 «Жолду - 2020». 3:05 «Ауылдастар». 3:40 «Иман өзегі». 4:00 «Parasat maidany».

ХАБАР

6:00 «Қызық times». 8:30 М/с. «Бұба». 9:20 «Qalamaimyn». 10:20 «Тракторшының махаббаты». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 13:10 «Чужое гнездо». 14:00 «Дети сестер». 15:00 «Бү-

SENBI

28 QARASHA

QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркеніеті». Д/ф. 6:30 «Ғасырлар үні». 7:00 AQPAPAT. 7:35 «Питер Пэн». М.х. 8:30 «Жұдыр». Сұхбат. 12:35 «ҒАЖАЙЫП ӨЛКЕ». 13:00 «Оралу». К/ф. 14:45 «Улы дала баласы». Т. Торезалин конкурті. 15:00 «ШПРЕК». М/ф. 17:05 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСҮ». 18:00 «КЕЛІН ӨНБ». 20:00 «MASELE». 20:40 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 22:30 «FATMAGYLY». 23:00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 23:15 «FATMAGYLY». 23:40 «ГЛАДИАТОР». К/ф. 2:25 «Nur tiley». Сұхбат.

ХАБАР

6:00 Профессиональный бокс. Данияр Елеусинов – Джунис Индонго. Прямая трансляция из США. 9:00 «Өзін-өзі тану». 9:10 «мен – чемпион». 9:40 «Олажа-лы отбасы». 10:20 «Q-бренд». 10:30 Семейное кино. «Девочка и лисенок». 12:00 Кино. «Старик-разбой-

JEKSENBI

29 QARASHA

QAZAQSTAN

6:05 «Дала өркеніеті». Д/ф. 6:30 «Tolağai». 7:35 «Атамекен». 8:00 «AQSAUYTY». 8:30 «КӘДІПТЕР». 8:55 «Ауылдастар». 10:00 «Келін әні». 12:00 «Егіз лебіз». 14:00 «Әзіл әлемі». 14:30 «Шпрек». М/ф. 15:50 «ШПРЕК-2». М/ф. 17:10 «ҚЫМБАТ ЖАНДАР». 18:00 «КЕЛІН ӨНБ». 20:00 «АРТА». 20:50 «ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК». 22:30 «FATMAGYLY». 23:30 «Шаншар-25». 0:30 «Полицейлердің жаңа хикаясы». К/ф. 2:40 «Арпа». 3:30 «Атамекен».

ХАБАР

6:00 «Ду-думан». 7:10 «Қара бала» атты Н. Керменбайтін конкурті. 9:00 «Самолетович». 9:10 «Я - чемпион PRO». 9:40 «Олажа-лы отбасы». 10:20 Премьера! «Pro SPORT». 10:50 Кино. «Старик-разбойник». 12:30 «Тұңшыққан сезім». 14:40 Кино.

«Бүгін». 16:00 «Алмыстан асып барамын». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 «Көкжал». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 Арнайы репортаж. Сайлау 2021. 21:00 Итоги дня. 21:40 Ток-шоу «Хабарлар». 22:40 «Тұңшыққан сезім». 0:10. «Құсайынотар. Өмір жолы». 1:50 «Әсем әуен».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзілі». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 14:00 Специальный репортаж. 14:15 «Герои Великой Победы» д/ф. 14:45 «Ментовские войны». 16:00 «Келіндер». 17:30 «Үздік әзілдер». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Келіндер». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Бірәудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Ментовские войны». 4:40 «Қош келдіңіз». 5:30 «Отбасы».

КТК

07:05 «МӨССАҒАН.КЗ». 07:30 «ДАУ-ДАМАЙ.СЫЗ». 07:50 «САҒЫНЫШ». 09:20 «НҮЛЕВОЙ

«Бүгін». 16:00 «Алмыстан асып барамын». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 «Көкжал». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Нарқалың контроль». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Алмыстан асып барамын». 22:20 «Тұңшыққан сезім». 0:10 «Құсайынотар. Өмір жолы». 1:50 «Әсем әуен».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзілі». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 14:00 Специальный репортаж. 14:15 «Герои Великой Победы» д/ф. 14:45 «Ментовские войны». 16:00 «Келіндер». 17:30 «Үздік әзілдер». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 5/36. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Келіндер». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Бірәудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Ментовские войны». 4:40 «Қош келдіңіз». 5:30 «Отбасы».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «САҒЫНЫШ». 09:00 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 09:30 НОВОСТИ. 10:10 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 11:20 «ШЕФ».

«Qalamaimyn». 18:00 «Көкжал». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 Арнайы репортаж. Сайлау 2021. 21:00 Итоги дня. 21:40 «Алмыстан асып барамын». 22:20 «Тұңшыққан сезім». 23:15 Вечер профессионального бокса. Трансляция из Минска. 1:15 «Әсем әуен».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзілі». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 14:00 Специальный репортаж. 14:15 «Герои Великой Победы» д/ф. 14:45 «Ментовские войны». 16:00 «Келіндер». 17:30 «Үздік әзілдер». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 5/36. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Келіндер». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Бірәудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Ментовские войны». 4:40 «Қош келдіңіз». 5:30 «Отбасы».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «САОДАТ». 09:00 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 09:30 НОВОСТИ. 10:10 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 11:20 «ШЕФ».

«Бүгін». 16:00 «Алмыстан асып барамын». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 «Көкжал». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Арнайы репортаж». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Алмыстан асып барамын». 22:20 «Тұңшыққан сезім». 23:15 Вечер профессионального бокса. Трансляция из Атырау».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзілі». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 14:00 Специальный репортаж. 14:15 «Герои Великой Победы» д/ф. 14:45 «Ментовские войны». 16:00 «Келіндер». 17:30 «Үздік әзілдер». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Келіндер». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Бірәудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Ментовские войны». 4:40 «Қош келдіңіз». 5:30 «Отбасы».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «САОДАТ». 09:00 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 09:30 НОВОСТИ. 10:10 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 11:20 «ШЕФ». 10:10

гін». 16:00 «Палеонтестер». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 «Көкжал». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:40 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Палеонтестер махаббаты». 1:50 «Әсем әуен»

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзілі». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 14:00 Специальный репортаж. 14:15 «Герои Великой Победы» д/ф. 14:45 «Ментовские войны». 16:05 «Келіндер». 17:30 «Үздік әзілдер». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 5/36. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Келіндер». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Бірәудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Ментовские войны». 4:40 «Қош келдіңіз». 5:30 «Отбасы».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «САОДАТ». 09:00 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 09:30 НОВОСТИ. 10:10 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 11:20 «ШЕФ».

ник». 13:40 «Айтста». 15:20 «Алмыстан асып барамын». 17:00 Кино. «Балалық шағымның аспаны». 19:10 «Қазақконцерт әлемі: Бізге 60 жыл» бенефици. 20:10 «Отдаж журналистхес расседования». 21:00 «7 күн». 22:00 Мегамит. «Александр». 1:00 «Құсайынотар. Өмір жолы».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзілі». 6:30 «Әзілдер». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 14:00 «Q-travel». 14:30 К/ф «Сәлем Бишкек». 16:50 «Алдараспан». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 «Биектер». 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Aidaman Live». 1:50 Той жады. 2:15 «KazNet». 2:35 «Әзілдер». 2:55 «Өн мен әзілі». 3:55 К/ф «Д/Ф-2». 5:35 «Отбасы».

КТК

07:05 «БАҚЫТҚА ЕСКІ АШАЙЫҚ». 07:30 «БАЗАР ЖОҚ АЛАҢЫ». 08:30 «ЗЛОУМЫШЛЕННИЦА». 12:20 «ОТСТАВНИК. СПАСТИ ВРАГА». 14:30

«Елбасы жолы. Отты өзен». 16:10 «Абай мұрасы - ұрпаққа ұлағат» атты Абайдың 175 жылдығына арналған концерт. 17:30 Док/фильм «По следам Абаа». 18:30 «Мәжіліс.кз». 19:00 «Айтста». 21:00 «7 күн». 22:00 Международная песенный конкурс «Junior Eurovision Song Contest 2020». 0:00 Гран-при BUSHIDO QAZAQSTAN. Трансляция из Алматы.

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзілі». 7:00 «Үздік әзілдер». 7:30 «Q-travel». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 TeBeIing. 10:25 «Кекеш келін». 11:55 «Сүлеймен Сұлтан». 13:25 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 15:00 К/ф «Д/Ф-2». 17:30 «Алдараспан». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 «Биектер». 20:50 «Ала-алақан». 21:05 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 X/ф «Былы соңсы күйеуе шығамыз 2». 3:10 «Әзілдер». 3:35 «KazNet». 3:50 «Өн мен әзілі». 4:20 К/ф «Сәлем Бишкек».

КТК

07:05 «ҚОҢДЛДІ ОТБАСЫ». 07:50 «СЕН ДЕ, МЕН

ШКЛ». 11:20 «НАСТАВНИК». 15:30 «СВОИ БЫВШЕ». 16:00 «ЖАНҒАН ҮМІТ». 17:00 «УРЛАУДАН БАСКА АМАЛ ЖОҚ». 18:10 «КЕКЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ШЕФ». 01:20 «НҮЛЕВОЙ ШИКЛ». 02:45 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 03:30 «КЕКЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 04:20-05:20 «КАРА ТЕҢІЗ».

7-АРНА

06:00 «Қуярдақ». 06:10 «Гу Гу Гэ». 06:40 «Әжесінің баласы». 07:35 «Элиф». 08:45 «Ребенок на миллион». 13:00 «Жалдамалы қалыңдық». 14:00 «Аулы әулет». 15:00 «Q-елі». 16:00 «Осколки». 17:10 «Тайна госпоки Кирсановой». 18:15 «Вдова». 20:25 «Жалдамалы қалыңдық». 21:20 «Солдат пен салату». 22:00 «Ата-ана. Бала-шаға». 22:30 «Элиф». 23:30 «Осколки». 00:40 X/ф «Мой парень из зоопарка». 02:45 «Айна-онли». 03:00 «Солдат пен салату». 03:40 «Ата-ана. Бала-шаға». 04:10 «Элиф». 04:50 «Өз ойым».

ДИДАР

08:00 «Гороскоп». 08:05 «Мультифильм». 08:25 «Де-

15:30 «СВОИ БЫВШЕ». 16:00 «ЖАНҒАН ҮМІТ». 17:00 «УРЛАУДАН БАСКА АМАЛ ЖОҚ». 18:10 «КЕКЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ШЕФ». 01:20 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 02:05 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 02:50 «КЕКЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 03:50-04:50 «КАРА ТЕҢІЗ» .

7-АРНА

06:00 «Қуярдақ». 06:10 «Гу Гу Гэ». 06:40 «Әжесінің баласы». 07:20 «Айна-online». 07:50 «Элиф». 09:00 «Тайна госпоки Кирсановой». 10:10 «Вдова». 12:40 «Кэландия». 13:00 «Жалдамалы қалыңдық». 14:00 «Аулы әулет». 15:00 «Q-елі». 16:00 «Осколки». 17:10 «Тайна госпоки Кирсановой». 18:15 «Вдова». 20:25 «Жалдамалы қалыңдық». 21:20 «Солдат пен салату». 22:00 «Ата-ана. Бала-шаға». 22:30 «Элиф». 23:30 «Осколки». 00:40 X/ф «Двойной удар». 03:00 «Солдат пен салату». 03:40 «Ата-ана. Бала-шаға». 04:50 «Өз ойым».

ДИДАР

08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Өн шашу».

15:30 «СВОИ БЫВШЕ». 16:00 «ЖАНҒАН ҮМІТ». 17:00 «УРЛАУДАН БАСКА АМАЛ ЖОҚ». 18:10 «КЕКЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ШЕФ». 01:20 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 02:05 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 02:50 «КЕКЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 03:50-04:50 «КАРА ТЕҢІ

«БІР ОТБАСЫ – БІР КІТАП»



Абай – қазақ әдебиеті тарихында А.Пушкин, М.Лермонтов, И.Крылов, батыс ақындары шығармаларын шеберлікпен аударып, қазақ әдебиетін жаңа ой орамымен байытқан ақын. Ақын аудармалары – өмір шындығының айнасы болып қана қоймай, XIX ғасыр әдебиетіндегі адамгершілік, халықтық, демократиялық идеяның үлгісі болған тың дүниелер. Өз заманында жазушы М.Әуезов: «Бұл жөніндегі Абай еңбегі тек әдебиеттік қана еңбек емес, ол зор, кең мағыналы ағартушылық, тарихтық, қоғамдық еңбек еді» деп сыни баға берген еді.

Абай аудармаларының тағы бір құндылығы – орыстың ұлы жазушыларын қазақ халқына таныстырып, олардың еңбегін аударып өз еліне таныта отырып, адамның мінез-құлқын тәрбиелеуде жойылмайтын мұра қалдыруы.

АҚЫН АУДАРМАЛАРЫ НАСИХАТТАЛДЫ

Облыстық «Бір отбасы – бір кітап» акциясының бір бағытында 5-6 сыныптар арасында ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Абай аудармаларын» насихаттау ұсынылған болатын. Мектебімізде жоспарға сәйкес барлық 5, 6-сыныптың ата-аналары мен оқушылары акцияға белсене қатысып, кітап оқуға, әдебиетке деген қызығушылықтарын танытты.

Абай аудармаларын насихаттауда біздің мектепте түрлі формада қашықтықтан іс-шаралар өткізілді. «Абай аудармаларындағы – ұлттық бояу нақыштар» атты шығармалар мазмұнына арналған суреттер байқауы көрмесіне 6-сынып оқушылары Д.Ержанқызы мен М.Лескали, Д.Баянбай, 5-сынып оқушылары Н.Абдрахманова, Ә.Мұрат ата-аналарымен нақышты суреттер ұсынды. «Ақын аудармаларының негізгі тақырыбы» бойынша сахналық қойылымға 5 «а» сыныбы А. Нүркеева анасымен «Қарға мен түлкі» аудармасын, 5 «в» сыныбынан Қ.Абаева Крыловтан аударған «Бака мен өгіз» мысалын анасымен рөлде орындап берді. «Абайдың аудармашылық шеберлігі» тақырыбындағы мәнәрілеп оқу сайыстары, өлең оқу байқауларына қатысқан 5 «а» сыныбы оқушысы Т.Хасенов атасымен

«Ала қойлар» аудармасын мәнәрілеп оқыса, 6 «г» сынып оқушысы Е.Рустамұлы ата-анасымен «Әншілер» аудармасын жатқа оқыды. 5 «г» сынып оқушысы М.Өпек анасымен «Шегіртке мен құмырсқаны», 6 «б» сыныбынан А.Амантай ата-анасымен Абайдың Гетеден аударған «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін үш тілде мәнәрілеп оқыды. «Абай аудармаларының ерекшеліктері» тақырыбында 5 «б» сыныбымен Д.А. Мырзабекова викторина ұйымдастырды. Өткізілген шаралар нәтижесі «Бір отбасы – бір кітап» акциясының ата-аналар үшін маңызды болғанын, кітап оқу дәстүрінің жандана түскенін байқатты.

Торғын ТҮСПИОВА, №1 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

ҰЛЫЛАР ҰЛАҒАТЫ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Бүгінгі таңда жастардың дамуын қамтамасыз ету, оларды ұлттық мәдениеттің құндылықтарымен және ең алдымен әдебиетпен таныстыру өте маңызды. Осы мақсатта Жезқазған қаласындағы №4 жалпы орта мектебінде «Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясы аясында 2-4 сынып оқушылары арасында «Табиғат туралы лирика» тақырыбында сайыстар өткізілді.

Бастауыш сыныбының қазақ тілі мұғалімдері «Абайдың жыл мезгілдеріне арналған өлеңдері» атты челлендж ұйымдастырды. 3-4 сыныптардан 40 оқушы қатысты. Әр отбасы ақынның табиғат лирикасында жазылған өлеңдерін оқыды.

Бастауыш сыныбының ағылшын тілі мұғалімдері 2-4 сынып оқушылары мен ата-аналары ұлы ақын, сазгер, философ, жазба қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының табиғат туралы үш тілде өлеңдерін оқу бойынша іс-шара өткізді. Сондай-ақ, осы тақырып бойынша оқушылар сурет байқауына қатысты.

5-6-сынып оқушылары арасында қазақ тілі пәні мұғалімдері келесі іс-шаралар өткізді: «Абай Құнанбайұлының аударма-

лары» тақырыбында Диаманталар байқауына 5-сыныптың 10 оқушысы ата-аналарымен қатысты. «Қарға мен бүркіт», «Инелік пен құмырсқа», «Піл және ит», «Есек пен бұлбұл», «Қарға мен түлкі» ертегілері балаларға ұсынылды.

6 «в», «г» сынып оқушыларымен «Ұлылар үндестігі» отбасылық қойылым байқауын ұйымдастырды. Байқау шарттары бойынша нұсқаулық ZOOM платформасында өткізілді. Абай Құнанбайұлының өлеңінің аудармасын оқып, «Қараңғы түнде тау қалғып» бейнежазбаны көріп, ән айтты.

8 «б», «в» сынып оқушылары арасында «Абай – ұлы ойшыл» тақырыбында эссе байқауын ұйымдастырды. Ағылшын тілі мұғалімдері 8 «б» сынып

оқушыларымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Абай: барлық мезгілдерге арналған ақын» тақырыбында ауызша журнал түрінде сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

9-10-сынып оқушылары арасында «Абай Құнанбайұлының қара сөздері» тақырыбында буктрейлер, эссе байқауы болды. Хакім Абайдың «Қара сөздері» атты керемет философиялық мұрасы – оның поэтикалық мұрасына қосылған құнды қазына. Осындай ниетпен Абайдың қара сөзін дәріптеп, балалардың шешендік өнерін дамытуға арналған іс-шаралар жалғасын тапты.

№4 орта мектептің педагогикалық ұжымы «Бір отбасы – бір кітап» акциясы оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, оқуға

деген қызығушылығын арттыруға көмектесті, сонымен қатар, оқушының оқу мәдениетін қалыптастыру, ата-аналар, мектеп пен отбасы арасында тығыз байланыс орнатуға үлкен әсер етеді деп санайды.

Осы акцияға 137 оқушы мен 70 ата-ана қатысты. Олар ата-аналарымен бірге Абай Құнанбайұлы, Гете мен Лермонтовтың түпнұсқа шығармаларын оқуға қатысты аудармалар мен идеялар туралы пікір алмасты.

Іс-шараға қатысқан отбасыларға мектеп директоры атынан грамоталар табысталды.

Әсел САЙРАМОВА, №4 орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

ОТБАСЫМЕН КІТАП ОҚУ – РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУДІҢ ЖОЛЫ

«Балаға қалай кітап оқытсам болады?» деп толғанып жүрген ата-ананың қатары аз емес қазіргі таңда. Көп ғұламалар «баланы тәрбиелеудің қажеті жоқ, алдымен өзіңді тәрбиеле» деген пікірді алға тартады.



Оның мағынасы қазақтың «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген қарапайым мақалының аясына сыйып кетеді. отбасымен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту мақсатында ұйымдастырылған «Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясы аясында өткізілген іс-шаралар талай отбасының балаларымен бірге отырып кітап оқуына себепші болды. Адамзаттың ой-өрісін, шығармашылық, әлеуметтік белсенділігін арттырудың қуатты құралы болып табылатын кітап оқуды отбасылық құндылыққа айналдыру, отбасындағы балалардың жан-дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастырып, кітап оқуға деген қызығушылықты ояту мақсаттары акция аясында жүзеге асырылды.


Жезқазған қаласындағы №10 жалпы орта білім беретін мектебінде «Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясының мектепшілік кезеңі жоғары деңгейде өтті. Акцияның бірінші жартыжылдығында қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, ойшыл, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жылдығына орай ұлы ақынның шығармаларын оқып, талқылау ұсынылды.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы облыстық акцияның мектепшілік кезеңіне қатысушы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұсынылды. Мысалы, 2-4-сыныптардың отбасылары Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасын оқыса, 5-6-сыныптар аудармаларын, 7-8-сыныптар поэмаларын, ал 9-10-сыныптар қарасөздерін оқыды. Мектебіміздің үлгілі отбасылары балаларының жан дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастырып, кітап оқуға деген қызығушылығын оятып, балаларымен бірге шығарма желісіне орай сурет салды, оқылған туындылар бойынша ой бөлісті, пікір алмасты, мәнәрілеп оқып, сахналық қойылым қойып, креативті көзқарастарын білдірді.

Отбасымен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту мақсатында ұйымдастырылған акция аясында 2-4-сыныптардың оқушылары мен ата-аналары Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасы бойынша берілген іс-шараларға белсенді қатысты. 2-сыныптар Абайдың «Күз» және «Қыс» өлеңдеріне байланысты, ал 3-сыныптар «Жазғытұры» өлеңіне, 4-сыныптар «Жаз» өлеңіне байланысты сурет салу және мәнәрілеп оқу байқауларына қатысты. Сонымен қатар, 2-4-сыныптардың отбасылары Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасына байланысты әдеби ойындар ұйымдастырып, кітап оқу барысын бейнебаянға түсірді.

Облыстық акция жоспары бойынша 5-6-сыныптарға Абай Құнанбайұлының

ді туындылары бағдар тұтар темірқазығымыздай тын биіктерге шақырады да тұрады. «Өрқайсымызға Абайды тану – мұрат, ол шыққан шыңға шығу – парыз» деп санайтын мектеп директоры Әлия Бәжібаева «Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясы аясында ұйымдастырылған мектепшілік шаралардың жоғары деңгейде өтуіне баса назар аударып, белсенділік танытқан ата-аналар мен оқушыларға алғысын білдіреді. Акцияның мектепшілік кезеңін үйлестіруші, директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлзада Тлеубергенова сынып жетекшілермен тығыз жұмыс жасап, жұмыстың сапалы өтуіне бағыт-бағдар берді.



«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, қашықтан оқу кезінде оқушыны ғана емес, ата-ананы да кітап оқуға бет бұрғызған мектеп ұжымының еңбегін атап өтпексе болмас. 2-10-сыныптарды қамтыған «Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясының мектепшілік кезеңіне 200-ден астам отбасы қатысты. Әр сыныптың отбасыларымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасаған сынып жетекшілері де еңбегі зор.

Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге. Артық білім кітапта, Ерінбей оқып көруге, – деген ұлы Абай атамның сөздері бүгінгі таңда көптеген отбасының ұранына айналды. «Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясына қатысқан қана қоймай, отбасымен бірге отырып кітап оқуды, оны бір дастархан басында талқылаудың маңызы қазіргі таңда қаншалықты зор екенін түсініп, отбасымен кітап оқуды дәстүрге айналдырды.

Кітап – заманалар толқынында тербеліп, үстіндегі қымбат қазынасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан ой кемесі. Осындай қоғамға пайдасы зор «Бір отбасы – бір кітап» акциясын ұйымдастырған Қарағанды облысы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығына алғысымыз шексіз.

Жансая СҮЛЕЙМЕНОВА, №10 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Infographic titled 'ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ' with icons and text about budget and economic growth.

АТА-АНАЛАР БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСТЫ

Қазақтың бас ақыны, жазба әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы Абай шығармашылығын жас ұрпақтың жүрегіне терең бойлатып, Абайдың жұмбақ әлемінің тылсымы сырларына үңіліп, өлең құдіретінің асыл сөз маржандарын бойларына сіңіру мақсатында облыстық «Бір отбасы – бір кітап» акциясы негізінде №11 жалпы орта білім беретін мектептің оқушылары мен ата-аналары арасында мектепшілік «Абай жаққан бір сәуле сөзге ұшты» тақырыбында қашықтан жоспарланған іс-шаралар жүргізілуде. Акцияның мақсаты – отбасымен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту.



Абай мұрасы – халқымыздың ең қасиетті, теңдесі жоқ, алтын қазынасы. Сондықтан, Абай шығармашылығын жас өрендер санасына сіңіруді ел болып, отбасы болып қалыптастыру бүгінгі күннің басты міндеті болып отыр.

Абай әдебиеттегі шебер аударма жасаудың үлгісін көрсеткен. Осыған орай, 5,6-сыныптар аралығында ақын аудармаларымен жатқа өлең оқу байқауы өтті. Бұл өлең оқу байқауы ақынның Лермонтов аудармаларынан «Өзіңе сенбе жас ойшыл...»

тақырыбында ұйымдастырылды. «Абай және Пушкин», «Абай мысалдары» тақырыбында ақын аудармаларымен қашықтан ұйымдастырылған отбасылық сахналық қойылым жүргізілді. Абай аудармаларын оқи отырып, көркем сөзді жете танып, сөз кәдірін түсінуге ұғынды. 6 «а» сынып оқушылары Абай Құнанбайұлының Михаил Лермонтовтан аударған өлеңдерін оқыды.

Сонымен қатар, «Абай – көрнекті мысалшы» тақырыбында ата-анаммен бірге оқимын презентация байқауы ұйымдастырылды. Жалпы, бұл акцияға жиырмаға жуық ата-ана мен оқушы атсалысты. «Бір отбасы – бір кітап» акциясы шеңберінде өткен шараларға біркісідей қатысып, өз үлестерін қосқан барлық ата-аналарға алғыс білдіреміз.

Гаухар СНИЯЗБАЕВА, №11 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ТАРИХЫ МОЛ КАФЕДРА

Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің электр энергетикасы және еңбекті қорғау кафедрасы жылдағы дәстүрден жазылмай кафедралар күнін ескеруіс қалдырмады. Быыл онлайн режимде «ZOOM» платформасында ұйымдастырылған мерекелік концерт ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойымен байланыстырыла өткізілді. «Менің жолым – Абай жолы» тақырыбында ұйымдастырылған шараға біз де қонақ болдық.



Шара басында сөз алған университеттің тәрбие бөлімінің басшысы Гүлжазира Ақубаева кафедра ұжымы мен ұстаздарына құттықтау лебізін білдіріп, ақжарма тілегін артқарды.

Елтай, Нәзира, Тұрсынбек, Алтынай, Нұрдулат, Мәди сынды поэзияға жаны құмар жастардың жылдарымен басталған шара одан әрі Абай өлеңдерін мәнәрілеп оқып, әуезді әндерін шырақпен жалғасты. Университет табалдырығын биыл ғана аттаған кафедра сүленттері де өздерінің ақындық, әншілік қырларынан танытып, көптің ыстық ықыласына бөленді.

Біздің кафедранан түлеп ұшқан шәкірттер бүгінде еліміздің түрлі аймақтарында ел дамуына зор үлестерін қосып жүр. Біз олармен мақтанамыз. Білікті мамандарымызды сіздерге үлгі ете отырып, бүгінгі студенттеріміздің де биік белестерді бағындырар халқына қалаулы, еліне елеулі азамат болғанын қалаймыз және оған еш күмәніміз жоқ. Мен осы оқу жылында студент атанып, ересектік өмірге қадам басқан 1-курс студенттеріне қадамдарыңызға гүл бітсін дегім келеді. Ал бітіруші 4-курсқытарға алдағы соңғы студенттік сынақтардан мүдірмей өтіп,

мол табыстарға жете беруді тілеймін, – деген кафедра менгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Ардақ Ахметбекова белсенді студенттерді онлайн режимде марапаттады. Одан әрі кештің құрметті қонақтары, жұмыс беруші серіктестердің бірі, Жезқазған электржелілік тарату компаниясының материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің бастығы Уәли Жағыпаров пен ата-ана Айнур Айдоосқызы шара ұйымдастырушыларына алғыстарын білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЭКОСОФИЯ НЕГЕ АДАМҒА ҚАРАП ЕСІНЕУГЕ БОЛМАЙДЫ?

Ертеде Мұхаммед пайғамбар сахабаларымен сұхбаттасып отырыпты. Жүрек көзімен қараса, жандарында Ібіліс те жүр екен. Пайғамбар одан: Әй, малғұн, мұнда не істеп жүрсің? – деп сұрайды. – Мен үшін қолайлы мекеннің бірі – есінеген ауыз. Ауызды ашып есінесе, байқатпай түкіріп жіберем. Сосын ол адамның аузы бейпіл сөзге бейім келеді депті. Пайғамбар оның сөзін естіп, селк ете қалады. Сол сәтте Ұлық Алла одан қорғандың сырын ашады. Адамның оң қолында менің шарапатым болады. Есінеген адам алақаныммен аузын жапсын. Сол кезде Ібіліс ол ауызға ыланғын сала алмайды, – дейді. Содан бастап Пайғамбарымыз сахабаларына есінеген кезде оң қолының сыртымен аузын басу қажет екенін ескертті.

«БӨРІНІҢ ТӘНДІСІ БАР» ДЕГЕН СӨЗ ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?

Ертеде Адам атаның екі иті болыпты. Бірі – ақ, екіншісі – қара түсті екен. Адам қойларын екеуіне сеніп тапсырыпты. Олар қойды өріске қайтып, кешке қораға қамап жүреді. Бір күні қара иттің ниеті бузылады. Нәпсі қысқанда, өзін тежей алмай бір қойды тамақтап тастайды. Ақ иті оны көріп, айқаса кетеді. Екеуі төбелесіп, бірін бірі ала алмайды. Кенет Адам ата келіп қалады. Қара иті есін көріп орманға қаша жөнеледі. Қайта келуге бет жок. Содан орман, тоғай мен жапан түзді жағалап, жабаңай аңның кейіпін киеті. Бағайдай ас беретін егесі жоқ. Жыртқышқа айналып, жемтігін өзі табады. Бірақ Адам атаға бауыр басып қалған еді. Кейде Адамды сағынып ұлиды екен. Иті оның даусын естіп: – Өз обалың өзіне, нәпсіне билетіп нең бар еді?! – деп үріп, жолатпайды. Бұдан қайыр болмаған соң қасқыр Жаратқанға ұлып: – Уа, Тәңірім, итті қарашы, жаныңда егесі бар. Үнемі қамқор болып ас береді. Жата-тын жері де бар. Мен жалғызбын. Менің кімім бар? – деп арзу айтыпты. Тәңірдің оған жаны ашып: – Ей, қасқыр, сен қам жеме. Сенің иең Менмін! – депті. Осыдан бастап «Иттің егесі болса, бөрінің Тәңірісі бар» деген сөз қалыпта.

(«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан)